



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ – ЖАҢА САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ БАСТАУЫ



Қазақстан жаңа саяси кезеңнің жауапты белесіне қадам басты. Бүгінгі сайлау науқаны – жай ғана депутаттық мандаттар үшін бәсеке емес, қоғамның саяси мәдениетінің, партиялық жүйенің кемелдігі мен мемлекеттік институттарға деген қоғамдық сенімнің маңызды сынағы. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның саяси жүйесі бірнеше даму кезеңнен өтті. Әрбір реформаның түпкі мақсаты – мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, азаматтардың ел тағдырын айқындайтын шешімдерге қатысу мүмкіндігін кеңейту болды. Бүгінгі Құрылтай сайлауы да осы үдерістің заңды жалғасы ретінде бағалануда. Қазір ел бойынша сайлауалды үгіт-насихат науқаны қызу жүріп жатыр. Өңірлерде саяси партиялардың көшпелі кездесулері, қоғамдық қабылдаулар, еңбек ұжымдарымен, жастармен, кәсіпкерлермен және ауыл тұрғындарымен жүздесулер ұйымдастырылуда. Әр партия өз бағдарламасын таныстырып, қоғамның қолдауына ие болуға ұмтылуда.

(Жалғасы 2-бетте)



ҚҰРЫЛТАЙ

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапармен келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУҮШІН
ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz



СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Айболат МАЙМАКОВ,

*М.Есболатов атындағы Алматы академиясының
Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы
бастығының орынбасары:*

КОНСТИТУЦИЯ – ТӘРТІП ПЕН ӘДІЛЕТ ШЫҢЫ

– Айболат Тілеубайұлы,
құқықтық мәдениетті
дамытудағы Конституцияның
орны туралы ойыңызды білсек?

– Азаматтық қоғамды дамыту және мемлекеттілікті нығайту мақсатында атқарылып жатқан істердің бәрі қоғамның тарихи, мәдени, ұлттық және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып бір ізге түсіріліп ұлттық идеологиямызбен жаңғырып, құқықтық мәдениеттің өзіндік өзгеше үлгісін көрсетуі керек. Ол үшін бұрынғы мектептерде оқытқан қоғамтану сабағы іспетті ҚР Конституциясын мектеп қабырғасында жаттатып, зерделеп оқыту дәстүрін жолға қою қажет.

Біз өзімізді қоғамдағы құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруға бағыт ұстап отырған мемлекетпіз. Егер осы қалыптасу кезеңінде әрбір азамат өз күйбең тіршілігімен кете берсе, халықта құқықтық сауатсыздық орын алып, құқықтық мәдениет қалыптаспайды. Сондықтан, Конституциямыздың басты ерекшелігін түсініп, заңды құрметтеу балалық шақтан басталуы тиіс деп ойлаймын. Құқықтық мемлекеттің басты ерекшелігі – азаматтарының құқықтарының қорғалуы болса, ол үшін әрбір азаматқа құқықтық сауаттылық керек.

Құқықтық мемлекет – құқықтың

үстемдігімен, заңның жоғары құдіретімен барлық азаматтардың құқығы мен бостандығын мойындап, құрметтеумен, оған мемлекет тарапынан кепілдік беруімен сипатталады. Құқық – қоғам өмірінің түп негізі анықтаушысы. Ол мемлекет Конституциясында бекітіледі де, басқа барлық заңдар мен нормалардың, жарлықтардың өзегіне айналады.

«Заңға бағынбайтын елде бастық көп болады» дегендей, біздің заманда заңға бағынбау емес, толық түсіндіре алмау мен түсінгісі келмеушілік басым ба деп ойлаймын. Сондықтан, әрбір басшының заңды толық меңгеруін, үнемі ізденуін өмірдің өзі талап ететін сияқты.

– **Ата Заңды өзгертудегі қажеттілікті қалай бағалайсыз?**

– Заман талабына сай заңдардың жаңаруы – қоғамдағы адамдардың құқықтық санасының дамуының және мемлекеттің тиімді жұмыс істеуге ұмтылуының көрінісі. Біздің қоғамда қандай да бір өзгеріс орын алса, көпшілік оны үстірт қабылдап, мәніне терең үніле бермейді. Көзбен көріп, көңілге түйгенімен, бұрынғы дағдысынан аса қоймайды.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Сан емес,
сапа маңызды

6-БЕТ



Тәуелсіздік рухын
оятқан тұлға

8-БЕТ



Ақ көйлек

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ – ЖАҢА
САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ БАСТАУЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне сәйкес, 23 шілдеде партиялық тізімдерді тіркеу толық аяқталды. Нәтижесінде жеті саяси партиядан ұсынылған 545 кандидат ресми тіркеуден өтті. Кандидаттардың әлеуметтік құрамына назар аударсақ, олардың 172-сі – әйелдер, 74-і – 35 жасқа дейінгі жастар, 19-ы – мүгедектігі бар азаматтар. Бұл қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының саяси өкілдігін кеңейтуге бағытталған қадам ретінде бағалануда.

Саяси додаға «Әділет» партиясы – 186, «Respublica» – 76, Қазақстан Халық партиясы – 72, «Ауыл» – 69, «Ақ жол» – 63, «Байтақ» – 47, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 33 үміткер ұсынып отыр. Бұл көрсеткіштер партиялардың сайлауға тыңғылықты дайындалғанын аңғартады. Дегенмен, сайлау нәтижесін кандидаттар саны емес, олардың кәсіби деңгейі, бағдарламасының өміршеңдігі және қоғам сенімі айқындайды.

Қазіргі уақытта саяси күрестің ең белсенді кезеңі басталды. Партиялар аймақтарды аралап, тұрғындармен тікелей кездесулер өткізіп, сайлауалды бағдарламаларын таныстыруда. Көпшілік кездесулер, салалық пікірталастар, еріктілермен жұмыс, цифрлық платформалардағы түсіндіру науқандары қатар жүргізілуде.

Орталық сайлау комиссиясы кандидаттардың үгіт материалдарын орналастыру тәртібін бекітіп, бюллетеньдегі партиялардың орналасу ретін жеребе арқылы анықтады. Бұл барлық саяси күштердің тең жағдайда бәсекеге түсуіне мүмкіндік беретін маңызды рәсімдердің бірі.

Сайлаудың әділдігі мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында халықаралық бақылаушылар институтына ерекше көңіл бөлінуде. 28 шілдедегі жағдай бойынша Орталық сайлау комиссиясы 12 мемлекет пен 5 халықаралық ұйымнан келген 86 халықаралық байқаушыны аккредиттеді. Байқаушыларды аккредиттеу 17 тамызға дейін жалғасады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау науқанын кәсіби әрі бейтарап жариялауына жағдай жасау үшін республикалық және өңірлік БАҚ өкілдерінің қатысуымен арнайы оқыту семинарлары өткізілді. Бұл қадам сайлау туралы ақпараттың нақтылығын арттырып, қоғамның дұрыс хабардар болуын ықпал етеді.

Бұл жолғы науқанның ерекшелігі – қоғамның сұранысының өзгеруі. Сайлау-

шылар енді партиялардың қанша кандидат ұсынғанына емес, олардың елдегі нақты мәселелерді қалай шешетініне көбірек назар аударады. Бүгінде инфляцияны төмендету, жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті қолдау, ауылдарды дамыту, білім мен денсаулық сақтау сапасын арттыру, әділ сот пен заң үстемдігін қамтамасыз ету – қоғам күтіп отырған негізгі мәселелер. Сондықтан бұл сайлаудың басты интригасы – қай партияның көп дауыс жинайтынында ғана емес, бастысы – жаңа Құрылтай құрамына мемлекетшіл көзқарастағы, кәсіби деңгейі жоғары, қоғам сеніміне ие тұлғалардың келуі. Себебі Құрылтайдың беделі де, қабылдайтын шешімдерінің сапасы да ең алдымен оның құрамына байланысты.

Қазіргі сайлауалды науқанның басты ерекшелігі – саяси партиялардың қоғаммен байланыс орнату тәсілдерінің әртүрлілігі. Егер бұрын үгіт жұмысы негізінен жаппай жиналыстар мен баспа материалдарына сүйенсе, биыл өңірлік кездесулер, салалық диалогтар, әлеуметтік желілер және тікелей пікір алмасу алаңдары кеңінен қолданылып отыр. Әр партия өз бағдарламасын қоғамның түрлі топтарына жеткізуге ұмтылуда. Бұл саяси бәсекенің біртіндеп мазмұндық сипат ала бастағанын көрсетеді. Мәселен, кандидаттар саны бойынша ең үлкен тізімді ұсынған «Әділет» партиясы сайлау науқанында аймақтарға ерекше назар аударуда. Кандидаттардың еңбек ұжымдарымен, кәсіпкерлермен, фермерлермен және қоғамдық ұйымдармен кездесулері жиі өткізілуде. Партия экономиканы дамыту, әділ бәсекелестік, шағын және орта бизнесті қолдау, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мәселелерін негізгі басымдық ретінде көтеруде. Ал, «Respublica» партиясы жастармен, кәсіпкерлермен және шығармашыл қауыммен кездесулерге басымдық беруде. Партия цифрлық экономиканы дамыту, инновация, технологиялық кәсіпкерлік және мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыру бағытындағы ұсыныстарын белсенді түсіндіруде. «Ақ жол» партиясы кәсіпкерлік ортаны жетілдіру, салықтық саясатты оңтайландыру, жеке сектордың мүмкіндіктерін кеңейту мәселелерін көтеріп келеді. Ұйым тарапынан өңірлердегі кездесулерде өндіріс, өнеркәсіп және инвестициялық саясат тақырыптарына ерекше көңіл бөлінуде.

«Ауыл» партиясының үгіт жұмысының негізгі бағыты – ауылдық аумақтарды дамыту болып отыр. Кездесулер барысында агроөнеркәсіп кешені, фермерлерді қолдау, ауыл инфрақұрылымын жақсарту, су ре-

сурстары және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері кеңінен талқылануда. Ал, Қазақстан Халық партиясы саясатқа басымдық беріп, еңбек адамдарының құқықтарын қорғау, әлеуметтік әділеттілік, халықтың әлжуаз топтарын қолдау мәселелерін көтеруде. Үгіт жұмыстарының басым бөлігі еңбек ұжымдарымен кездесулер түрінде ұйымдастырылуда.

«Байтақ» партиясы экология, табиғи ресурстарды қорғау, жасыл экономика және экологиялық қауіпсіздік тақырыптарын негізгі күн тәртібіне шығарып отыр. Бұл бағыт қазіргі таңда әлемдік саясаттағы маңызды мәселелердің бірі болғандықтан, партия қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше назар аударуда. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы қоғамдық пікірталастарға, бағдарламалық талқылауларға және әлеуметтік мәселелерге көбірек көңіл бөлу үстінде. Партияның сайлауалды кездесулерінде азаматтардың табысы, жұмыспен қамту, әлеуметтік теңдік мәселелері жиі көтеріледі.

Қазақстандық саясаттанушылардың пікірінше, биылғы науқанның ерекшелігі – партиялардың қоғаммен тұрақты әрі мазмұнды диалог орнатуға ұмтылуы. Мәселен, саясаттанушы Талғат Қалиев бірнеше жария сұхбатында саяси партиялардың қызметі тек сайлау кезеңімен шектелмеуі тиіс екенін айтып жүр. Оның пікірінше, партиялар азаматтармен тұрақты байланыс орнатып, қоғамдық мәселелерді шешуге күнделікті араласқанда ғана олардың беделі мен қоғам сенімі артады. Сарапшы Эдуард Полетаев та Қазақстандағы саяси бәсекенің біртіндеп бағдарламалық сипат алып келе жатқанын мәлімдеді. Оның айтуынша, қоғам енді ұраннан гөрі нақты шешімдерді күтеді. Экс-депутат әрі саясаттанушы Айдос Сарым жаңа саяси институттардың тиімділігі азаматтардың белсенділігіне және қоғамдық сенімге тікелей байланысты екенін бірнеше рет айтты. Оның пайымдауынша, саяси реформалардың нәтижесі азаматтардың шешім қабылдау процесіне нақты қатысуымен өлшенуі тиіс.

Олардың сөзінен туатын ортақ тұжырым, қазіргі сайлауда жеңіске жеткізетін негізгі фактор – халықтың күнделікті өміріне әсер ететін нақты бағдарламалар, кәсіби кадрлар және олардың орындалу тетіктері. Сондықтан биылғы сайлау партиялар үшін де, сайлаушылар үшін де жаңа саяси мәдениеттің маңызды сынағына айналып отыр.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕДЕБАТ

Құрылтай сайлауы қарсаңында «Қазақстан» республикалық телерадио-корпорациясының ұйымдастыруымен Алматы қаласындағы жаңа медиакешенде сайлауға қатысатын саяси партиялар арасындағы Ұлттық теледебат өтті.



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ
БОЛАШАҒЫ –
АДАМ КАПИТАЛЫ»



Пікірсайысқа «Әділет», «Ауыл», Respublica, Қазақстан Халық партиясы, «Байтақ», «Ақжол» және Жалпыұлттық социал-демократиялық партияларының өкілдері қатысты. Теледебат 5 кезеңнен тұрды. I кезеңде партия өкілдері сайлауалды бағдарламалары мен негізгі бастамаларын таныстырды. II кезеңде қатысушылар адам капиталын дамытуға қатысты ортақ сұрақтарға жауап берді. III кезеңде партия өкілдері бір-біріне сұрақ қойып, бағдарламалық ұстанымдары бойынша пікір алмасты. IV кезеңде көрермендерден түскен сұрақтарға жауап берілді. Қорытынды кезеңде партия өкілдері сайлаушыларға арнаған қорытынды сөздерін сөйледі.

Ұлттық теледебат Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, тікелей эфирде көрсетілді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ – АРДЫҢ ІСІ

«Неке және отбасы» кодексінде дәйектелгендей өлімізде алименттің төрт түрі қарастырылған. Олар көмелеттік жасқа толмаған балаларға төленетін алимент, бұрынғы ерлі-зайыптылардың біріне төленетін алимент, сондай-ақ 18 жастан асқан, бірақ еңбекке жарамсыз балаларға төленетін және көмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз ата-анасына төлейтін алименті. Соның ішінде күнделікті өмірде көмелетке толмаған балаларға алимент өндіру жиі кездеседі.

Қазақстанда некеге тұратындар саны жылдан-жылға төмендеп, керісінше ажырасатындар қатары артып барады. Айталық 2026 жылдың алғашқы тоқсанында 21,6 мың неке тіркелсе, осы аралықта 11,2 неке ресми түрде бұзылған. Яғни, биыл алдыңғы жылмен салыстырғанда ажырасқан отбасылар саны мыңға көп. Ажырасқан ерлі-зайыптылардың алпыс бес пайызында ортақ баланың болуы да үлкен әлеуметтік мәселе. Себебі толық емес отбасылардың көбеюі – әлеуметтік теңсіздікке, материалдық жетіспеушілікке, психологиялық күйзеліске, балалар арасындағы қылмыстың жиілеуіне түрткі болатыны шындық.

«Неке және отбасы» кодексіне сәйкес, көмелетке толмаған балаларға ата-ананың екеуі де бірдей қамқорлық танытуға міндетті. Ажырасудың тіркелуі ерлі-зайыптыларды бала алдындағы жауаптылықтан босатпайды. Құқықтық мәдениеті жоғары, жұбайлар арасында өзара түсіністік орныққан отбасыларда алимент пен балаға қатысты міндеттеме ешбір талассыз, екіжақты келісім арқылы реттеледі. Балаға төле-

нетін алимент бойынша келісімге келген тараптар оны тек нотариустың көмегімен бекітіп алса болғаны. Бұл екі тарап үшін де тиімді, себебі олар төлемдердің мөлшері мен түрін өздері анықтай алады.

Ал мұндай келісімге келмеген жағдайда алимент сот арқылы тағайындалады. Ол үшін алимент өндіру тура-

лы талаппен жауапкердің тұрғылықты жеріндегі сотқа жүгіну керек. Мұндай талап бойынша мемлекеттік баж алынбайды. Мемлекеттік бажды алимент өндіру жүктелген тарап төлейді. Сот заңнамаға сүйене отырып алиментті табыстың пайыздық мөлшеріне қарай белгілейді. Айталық бір балаға ата-анасының табысының төрттен бір бөлігі, екі бала үшін үштен бір бөлігі және үш немесе одан да көп балаға табыстың жартысы өндіріледі. Алимент кез келген табыс көзінен, жалақыдан, стипендиядан немесе жалдау табысынан алынады. Сонымен қатар кез келген ұйымның бухгалтерия бөлімі қажетті соманы борышкерден уақытылы ұстап қалып, баланың шотына аударуы тиіс. Егер борышкер табысын көрсетпесе, онда алимент мөлшері еліміздегі



орташа жалақы көлемін басшылыққа ала отырып есептелетінін де ескерген абзал.

Өкінішке орай, ата-аналық міндеттемесіне бей-жай қарап, алиментті төлеуден жалтаратын азаматтар арамызда аз емес. Алимент берешегі көбейіп кеткен жағдайда, сондай-ақ бұрынғы жұбайының нақты табыс көлемін жасыратынына күмәні болған кезде азаматтар жеке сот орындаушыларына жүгініп, өз құқығын қорғай алады. Жеке сот орындаушылар жағдайды зерттеп, қажет болса борышкерді әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға өтініш береді.

Қазақстанда алимент төлемеген борышкерлер үшін жауаптылық жоғары. Мысалы атқару құжатын орындамаған борышкерлерге Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669-бабына сәйкес 5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салу немесе жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не 5 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алу қарастырылады. Ал берешегін үш айдан астам уақыт бойы төлемеген, балаларды немесе еңбекке жарамсыз ата-аналарды асырауға арналған сот шешімі бойынша қаражатты төлеуден қасақана жалтарғандарға Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс, 2 жылға дейін бас бостандығынан шектеу немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы қарастырылған.



Талғат ИСИМОВ,
Алматы облысының
жеке сот орындаушысы

Алимент төлеу – ардың ісі. Ұл-қызының болашағын ойлап, адамдық келбетін сақтаған жандар мұндай мәжбүрлеу шарасын қолданбай-ақ ата-аналық міндетін дер кезінде орындағаны абзал.

Әділет министрлігінің дерегінше 2025 жылы жеке сот орындаушылардың өндірісінде алиментке байланысты 317,9 мың іс болған. Алимент бойынша берешек сомасы былтыр 18,5 миллиард теңгеге жеткен. Осының өзі жазаның жоғары болғанына қарамастан бала алдындағы міндеттемеге үлкендердің салғырт қарайтынын көрсетсе керек. Сондықтан ата-ананың бала алдындағы жауаптылығын жоғарылату, сот актілерін орындау мәдениетін қалыптастыру бағытындағы түсіндіру жұмыстарын әлі де жетілдіре түскен орынды.

ТҮЙТКІЛ

Денсаулық сақтау саласы – көз көлген мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығын айқындайтын негізгі бағыттардың бірі. Бұл салаға бөлінетін қаржы көлемі артқан сайын халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасы да жақсаруы тиіс. Алайда, Ақмола облысындағы соңғы талқылаулар денсаулық сақтау жүйесінде шешімін күткен бірқатар құрделі мәселелердің әлі де бар екенін көрсетті.

Облыстық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында өңір медицинасының қаржылық жағдайы, медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегі, лицензиялық талаптардың орындалуы, кадр тапшылығы және медициналық нысандардың жай-күйі кеңінен қаралды. Жиында айтылған деректерге сүйенсек, өңірдегі медициналық ұйымдардың жалпы кредиторлық берешегі 7,4 миллиард теңгеге жеткен. Оның ішінде мерзімі өтіп кеткен қарыз көлемі 1,4 миллиард теңгені құрайды. Бұл көрсеткіш денсаулық сақтау ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына қатысты мәселелердің бар екенін аңғартады. Аталған жағдай бір күнде қалыптаспаған. Медициналық ұйымдардың қаржылық жоспарлауы, басқару тиімділігі және қолданыстағы талаптардың орындалуы мәселелері бірнеше жылдан бері қордаланып келеді.

ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ
АРТҚАНЫМЕН, БАСҚАРУ
САПАСЫ БАСТЫ
МӘСЕЛЕ

Мемлекет тарапынан денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаражат көлемі жыл сайын артып келеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы да қомақты қаржы бағытталуда. Дегенмен медициналық ұйымдардың қарызға батуы тек қаражат тапшылығымен түсіндірілмейді. Сарапшылар мен депутаттардың пікірінше, мәселенің бір ұшы басқару сапасына, қаржыны тиімді жоспарлауға және жауапкершілік тетіктерінің нақты жұмыс істеуіне байланысты.

Облыстық мәслихат депутаттары денсаулық сақтау саласында жүйелі өзгерістер қажет екенін атап өтті. Бұған дейін сала басшылығы медициналық ұйымдардың жұмысын жетілдіру, басқару жүйесін қайта қарау және бұрынғы кемшіліктерді түзету бағытында жұмыстар жүргізілетінін мәлімдеген болатын. Алайда саладағы мәселелердің ауқымы кең болғандықтан, оларды шешу үшін тек жекелеген шаралар жеткіліксіз екені байқалады.

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Саят Толықбаевтың мәліметінше, медициналық ұйымдардың жеткізушілер алдындағы қарызы соңғы жылдары едәуір өскен. Мәселен, Жарқайың аудандық ауруханасының берешегі 100 миллион теңгеден асса, Бұланды аудандық ауруханасының қарызы 80 миллион теңгеге жуықтаған. Аршалы аудандық ауруханасында да 90 миллион теңге көлемінде бере-



шек қалыптасқан. Бұл көрсеткіштер аудандық медициналық ұйымдардың қаржылық мүмкіндігі мен нақты міндеттерінің арасындағы алшақтықты көрсетеді.

СТЕПНОГОРСК
АУРУХАНАСЫНДАҒЫ
ЖАҒДАЙ – ЖҮЙЕДЕГІ
МӘСЕЛЕ

Өңірдегі ең құрделі жағдайлардың бірі – Степногорск қалалық көпбейінді ауруханасына қатысты. Аталған медициналық ұйымның кредиторлық берешегі 873 миллион теңгеге жеткен. Бұған дейін аурухананың мәртебесін көтеру, материалдық-техникалық базасын жаңарту, жоғары технологиялық медициналық қызметтерді дамыту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілген. Медициналық мекемеге заманауи құрал-жабдықтар сатып алынған. Алайда жаңа мүмкіндіктерді толық пайдалану үшін қажетті ұйымдастырушылық мәселелер уақытында шешілмеген.

Мәселен, магниттік-резонанстық томографияны орнату кезінде ғимаратқа қосымша өзгерістер енгізуге тура келген. Ал ангиограф құрылғысы маман тапшылығына байланысты толық пайдаланылмаған. Бұдан бөлек, лицензиялық талаптардың сақталмауына байланысты медициналық ұйымға қаржылық санкция қолданылған. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын тексеру нәтижесінде аурухананың кардиохирургиялық қызметті тиісті лицензиялық талаптарға толық сәйкес көрсетпегені анықталған. Соның салдарынан мекемеге 478 миллион теңге көлемінде қаржылық шара қолданылған.

Бұл жағдай медициналық қызмет сапасын бақылау жүйесінің тиімділігіне қатысты сұрақтар туындатады. Себебі медициналық ұйым белгілі бір қызмет түрін көрсеткенге дейін оның талаптарға сәйкестігі толық бағалануы тиіс. Ал егер талап бұзушылықтар кейін анықталса, мәселе тек медициналық ұйымның жауапкершілігімен шектелмей, бақылау және қаржыландыру жүйесінің өзара байланысын да көрсетеді.

ЛИЦЕНЗИЯ ТАЛАБЫ МЕН
МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
САПАСЫ

Медициналық ұйымдардың қарызы мен оларға қолданылған қаржылық санкциялар мәселесі лицензия талаптарының орындалуына қатысты сұрақтарды да алға шығарды. Мәслихат отырысында депутаттар қолданыстағы талаптардың маңызын жоққа шығармайтынын, алайда кей жағдайда нормативтік талаптар мен нақты медициналық тәжірибенің арасында алшақтық бар екенін атап өтті. Мәселен, аудандық ауруханаға шұғыл жағдайда науқас түссе, ал медициналық ұйымның белгілі бір қызмет түрін көрсетуге лицензиясы болмаса, дәрігерлер қандай шешім қабылдауы керек деген мәселе көтерілді. Себебі медицинада уақыт жоғалтудың адам өміріне тікелей әсер ететін жағдайлары аз емес.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Ақмола облыстық филиалы өкілі Әлия Жүсіпова қолданыстағы талаптардың заңнамалық негізі бар екенін айтты.

– Біз медициналық ұйымдардың нақты жағдайын түсінеміз. Бірақ қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер бар және олар барлық ұйым үшін бірдей орындалуы қажет, – деді ол.

Бұл ретте облыстық мәслихат депутаты, Ақмола облыстық көпбейінді ауруханасының директоры Нұрлан Жаров медициналық қызметтің сапасы мен қауіпсіздігі бірінші орында тұруы тиіс екенін атап өтті.

Оның айтуынша, кез келген медициналық көмекті тиісті дәйрлығы бар, сертификатталған маман көрсетуі қажет.

– Әр маман өз бағыты бойынша қызмет көрсетуі керек. Хирург кардиохирургиялық немесе гинекологиялық операция жасай алмайды. Ол үшін арнайы білім, тәжірибе және тиісті рұқсат қажет. Бұл – медициналық қауіпсіздік үшін маңызды талап, – деді Нұрлан Жаров.

Сонымен бірге депутат қаржыландыру көлемі артқанымен, медициналық ұйымдардың қарызы азаймай отырғанын атап өтті. Оның пікірінше, мәселенің бір бөлігі медициналық қыз-

меттерді бақылау жүйесінің кейіннен жүргізілуіне байланысты. Қазіргі тәжірибеде медициналық ұйым көрсеткен қызметі үшін қаржы алады. Кейін белгілі бір уақыт өткен соң тексеру жүргізіліп, талап бұзушылық анықталса, қаржы кері қайтарылады немесе айыппұл салынады. Мұндай жағдайда медициналық ұйым шығынды алдын ала жоспарлай алмайды. Ал қызмет көрсету барысында жұмсалған қаражатты кейін қайтару мекеменің қаржылық жағдайына кері әсер етеді.

Осыған байланысты депутаттар медициналық қызмет сапасын бақылаудың алдын ала жүргізілетін тетіктерін күшейту қажеттігін көтерді.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕҢГЕРІМ
МӘСЕЛЕСІ

Жиында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің өңірдегі қаржылық ахуалы да талқыланды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Ақмола облыстық филиалы келтірген мәліметке сәйкес, өткен жылы өңірдегі медициналық ұйымдарға медициналық қызмет көрсету үшін 89,1 миллиард теңге төленген. Ал тұрғындардан түскен жарна көлемі небары 35,7 миллиард теңгені құраған. Бұл көрсеткіш медициналық көмекті қаржыландыруда мемлекеттік қолдаудың маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Сонымен қатар өңірде МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтар саны жыл сайын азайып келеді. Соңғы жылдары жүйеге қатысушылар саны шамамен үш-төрт мың адамға төмендеген. Мамандардың пікірінше, бұл мәселе халықтың ресми жұмыспен қамтылуы, жарна төлеу тәртібі және медициналық қызметтердің қолжетімділігі сияқты бірнеше факторға байланысты. Әсіресе, шалғай ауылдық жерлерде тұратын азаматтар үшін медициналық көмектің қолжетімділігі маңызды мәселе болып отыр.

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ
АХУАЛЫ АЛАҢДАТАДЫ

Өңірдегі медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жағдайы да

ерекше назар аударуды қажет етеді. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Серік Омархановтың мәліметінше, Ақмола облысында бірқатар медициналық пункттер, амбулаториялар және мектеп жанындағы медициналық кабинеттер санитариялық талаптарға толық сәйкес келмейді. Жалпы саны мыңнан асатын медициналық нысандардың ішінде 160 нысанда санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды мәселесі болған.

Жыл басымен салыстырғанда бұл көрсеткіш азайғанымен, мәселе толық шешілді деуге әлі ерте. Негізгі қиындықтар – ғимараттардың талапқа сай болмауы, су және кәріз жүйелерінің жоқтығы, жөндеу жұмыстарын қажет ететін ескі нысандар. Әсіресе, Зеренді, Жарқайың, Ақкөл, Егіндікөл аудандары мен Біржан сал ауданында бұл мәселе өзекті болып отыр.

Мәселен, Жарқайың ауданындағы Львовское ауылдық медициналық пунктінде жылу жүйесі, ыстық су және кәріз мәселелері толық шешілмеген. Кейбір медициналық нысандарда санитариялық жағдайды жақсарту үшін күрделі жөндеу жұмыстары қажет. Ал Зеренді ауданында бірқатар медициналық нысандар бейімделген ғимараттарда орналасқан. Кейбір медициналық пункттер жеке тұрғын үйлерде, мектептер немесе әкімдік ғимараттарында жұмыс істеп келеді. Бұл жағдай ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасына әсер етпей қоймайды.

ӨЗГЕРІССІЗ НӘТИЖЕ
БОЛМАЙДЫ

Мәслихат отырысында Ақкөл аудандық ауруханасындағы жөндеу жұмыстары да қаралды. Медициналық мекемені күрделі жөндеу жобасы 1,7 миллиард теңгеге бағаланғанымен, мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жұмыс көлемі 1,3 миллиард теңгемем шектелген. Депутаттар мұндай жағдайда жоспарланған жұмыстардың толық орындалмау қаупі бар екенін атап өтті. Жалпы алғанда, Ақмола облысындағы денсаулық сақтау саласының қазіргі жағдайы бір ғана мәселенің емес, бірнеше фактордың тоғысуынан қалыптасқанын көрсетеді. Бұл – қаржыны тиімді жоспарлау, медициналық ұйымдардың басқару сапасы, кадр мәселесі, лицензиялық талаптардың орындалуы, бақылау жүйесінің тиімділігі және ауылдық медицинаның инфрақұрылымы.

Денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржы көлемінің артуы маңызды. Алайда бөлінген қаражат нақты нәтижеге айналуы үшін басқару жүйесі де қатар жетілуі қажет. Медициналық ұйымдардың тұрақты жұмыс істеуі тек қаржыландыруға емес, жауапкершілікке, тиімді жоспарлауға және мемлекеттік органдар арасындағы үйлесімді жұмысқа байланысты. Өйткені денсаулық сақтау саласындағы әрбір шешімнің артында статистикалық көрсеткіш емес, адам өмірі мен халықтың мемлекетке деген сенімі тұр...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
Ақмола облысы

ОЙТАЛҚЫ

Ақжайық, Алтай, Қызылжар: тарихи атаулар қашан оралады?

Еліміздің аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің 2012 жылы «Күлтегін» баспасынан жарық көрген «Күнделік сөйлейді» деген кітабында: «27. XII. 2004 Әбдікәрімов Оралбайда болып, ақылдастар алқасының Кеңесі жөнінде ақылдасты. Көп ойлар айтылды. Елдің тыныштығына, ынтымағына, келешегіне орай көп шаралар белгілейтін болдық. Алдымен ұлт үшін Семей облысын қайта ашып, Абай облысы атау керек. Үй ішінен үй тікпей, Оңтүстік, Солтүстік, Батыс, Шығыс Қазақстан демей атын басқаша атау керек» деп жазған екен.

Географиялық орналасуына қарай Оңтүстік, Батыс, Шығыс (1932), Солтүстік Қазақстан (1936) облысы деген атау берілген аймақтардың тарихы

одан әлдеқайда тереңде. 1991 жылы өзін тәуелсіз мемлекет деп жариялаған Қазақстан өзінің аймақтарының географиялық атауларын өзгертуді бастауына 27 жыл қажет болған екен. Ең бірінші 2018 жылы 19 маусымда Президент Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысының атауын Түркістан облысы деп өзгерткен кезде, бұл жаңалықты жұртшылық жылы қабылдаған болатын. Одан кейін Мемлекет басшысы 2022 жылы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деп аталатын жолдауында еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру туралы қайта сөз қозғады.

«Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Мен бұл мәселеге 2019 жылғы жолдауымда кеңірек тоқтал-

дым. «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды. Бұған дейін Шымкент республикалық маңызы бар қалаға айналды. Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді. Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп аталды. Бұл қай жағынан алсақ та, дұрыс қадам болды. Оны халық өте жылы қабылдады. Мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда осы үрдіс жалғасатынын айтқан едім. Содан бері азаматтарымыздан көптеген ұсыныстар келіп түсті. Менің тапсырмам бойынша оның бәрі мұқият зерделенді. Халықтың қалауын ескеріп, мен бүгін бірқатар бастама көтергелі отырмын. Ең алдымен, Се-

мей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысында Алматы, Жетісу облыстары құрылатынын жеткізген. Сондай-ақ ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта беретініміздің дәлелі есебінде Қапшағай Қонаев есімін еншіледі. Алайда, Батыс, Солтүстік, Шығыс Қазақстан облыстарының атауы сол күйі өзгеріссіз қалды. Егер Батыс Қазақстанды – Ақжайық, Шығыс Қазақстанды – Алтай, Солтүстік Қазақстанды – Қызылжар деп атайтын болсақ халық бұл өзгеріске қарсы болмайтынын анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МЕДИАЦИЯ



МӘМІЛЕ –
ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМ

ҚР Азаматтық процестік кодексінде татуласудың бірнеше түрі қарастырылған. Соның ішінде ең көп қолданылатыны – медиация және партисипативтік рәсім.

- Медиация – дауды бейтарап үшінші тұлғаның (медиатордың немесе судья-медиатордың) көмегімен шешу. Мұнда мақсат – жеңген немесе жеңілген тарапты анықтау емес, екі жаққа бірдей тиімді ортақ шешім табу.

- Партисипативтік рәсім – бұл дауды судьяның қатысуынсыз, реттеу мақсатында тараптар адвокаттарының не ҚР «Адвокаттық қызмет және білікті заң көмегі туралы» заңға сәйкес заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын тұлғалардың өз клиенттерінің мүддесін қорғай отырып, заң аясында келіссөздер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Сотта істі ұзақ созбалыққа салып қарағаннан, татуласу туралы келісімге келудің пайдасы орасан зор.

Қазіргі таңда әрбір сотта татуластыру рәсімдерін жүргізетін арнайы судьялар бекітілген. Іс сотқа түскен алғашқы өскендігінің белгісі. Дауды сот үкімімен емес, өзара бітіммен аяқтау – халқымыздың ежелгі билер сотынан келе жатқан

Қорыта айтқанда, соттағы татуласу рәсімдері – бұл тек заңдық процесс емес, бұл қоғамның құқықтық санасының өскендігінің белгісі. Дауды сот үкімімен емес, өзара бітіммен аяқтау – халқымыздың ежелгі билер сотынан келе жатқан

Бүгінгі таңда Қазақстанның сот жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі – дауларды сотқа дейін және сотта татуласу рәсімдері арқылы шешу институтын дамыту. Мемлекет басшысы айтқан «Заң мен тәртіп» қағидаты тек қатал жазалауды емес, сонымен бірге азаматтар арасындағы құқықтық мәдениетті көтеруді, өзара түсіністік пен келісімді орнатуды көздейді. Бұл ретте соттағы татуласу рәсімдері – уақыт пен қаржыны үнемдейтін, ең бастысы, тараптардың адамгершілік қарым-қатынасын сақтап қалатын бірегей құрал.



З. Сақпанова,
Шығыс Қазақстан облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының әкімші
басшысы

«бітімгершілік» дәстүрінің заманауи көрінісі. «Дау мұраты – бітім» деген бабалар сөзін ту еткен сот жүйесі алдағы уақытта да бұл бағытты басты назарда ұстай бермек.

БЕЗБЕН

Сот төрелігі академиясының
он жылдық белесі

2026 жылы ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының құрылғанына 10 жыл толды. Осы онжылдық ішінде оқу орны қарапайым білім беру ұйымынан сот жүйесіне кәсіби кадр даярлайтын, судьялардың біліктілігін үздіксіз арттыратын әрі ғылыми-сараптамалық бағытта дамып келе жатқан маңызды институтқа айналды.

Академияның институционалдық дамуының жаңа кезеңі 2024 жылғы 15 шілдеден басталды. Дәл осы күннен бастап Сот төрелігі академиясы Жоғарғы Соттың қарауынан ҚР Жоғары Сот Кеңесінің қарамағына берілді. Бұл өзгеріс оқу мазмұнын сот жүйесінің нақты сұраныстарына неғұрлым жақындатуға мүмкіндік берді.

Осы шешімнің жалғасы ретінде 2025–2027 жылдарға арналған Академияны дамыту тұжырымдамасы бекітіліп, білім беру бағдарламаларын жаңарту, ғылыми әлеуетті күшейту, инфрақұрылымды жаңғырту және цифрлық шешімдерді енгізу бағытында жүйелі жұмыстар қолға алынды.

Академия қызметінің негізгі ерекшелігі – «судьяны судья оқытады» қағидаты. Бұл модель бойынша оқу үдерісіне Жоғарғы Соттың, қас-сациялық және жергілікті соттардың тәжірибелі судьялары, Жоғары Сот Кеңесінің өкілдері мен білікті заңгерлер қатысады. Мұндай тәсіл тыңдаушылардың теориялық білімін практикалық тәжірибемен ұштастыруға жол ашады.

Сот жүйесінің кадрлық әлеуетін нығайту мақсатында Академия қызметіне бірқатар жаңа бағыт енгізілді. Соның бірі – судьялыққа кандидаттарды даярлауға арналған референдариат институты. Бұл институт азаматтық, әкімшілік және қылмыстық құқық бойынша қарқынды дайындық курстарын қамтиды және үміткерлердің кәсіби деңгейін жүйелі арттыруға бағытталған.

2025 жылы алғаш рет аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары үшін басқарушылық құзыреттерді дамыту бағдарламасы іске қосылды. Бұл бастама сотты тек құқық қолдану органы ғана емес, сонымен бірге тиімді басқаруды қажет ететін институционалдық құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сол жылы Академия «Құқық» бағыты бойынша докторантура бағдарламаларын жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия алып, жоғары



Е. ЕГЕМБЕРДИЕВ,
заң ғылымдарының кандидаты,
Сот төрелігі академиясының
профессоры

оқу орнынан кейінгі білім берудің толық циклін қамтамасыз етті. Сонымен қатар ғылыми-педагогикалық магистратура ашылып, өз ғылыми кадрларын даярлау мүмкіндігі кеңейді.

Ғылыми бағыттағы өзгерістер де назар аударарлық. Академия ғылыми қызмет субъектісі мәртебесіне ие болып, «Сот төрелігі академиясының хабаршысы» журналы ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді. Журналдың халықаралық Open Journal Systems платформасына көшуі оның ашықтығын, қолжетімділігін және ғылыми айналымдағы орнын күшейтті.

Халықаралық ынтымақтастық та кеңейіп келеді. Академия Германия, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресейдің жетекші сот-білім беру ұйымдарымен әріптестік орнатты. Түркі сот-құқықтық даярлау желісі аясындағы тәжірибе алмасу да тұрақты сипат алып отыр.

Инфрақұрылымдық жаңғырту аясында Академияда заманауи криминалистикалық полигон пайдалануға беріліп, оқу процесін басқарудың бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілді. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісін толық цифрлық форматқа көшіруге және оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Он жыл ішінде Сот төрелігі академиясы сот жүйесінің кадрлық, ғылыми және институционалдық дамуына үлес қосатын маңызды орталыққа айналды. Бүгінгі міндет – қалыптасқан тәжірибені сақтай отырып, сот білімінің сапасын, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін және халықаралық байланыстарды одан әрі дамыту.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САҒАТ

БІРЖАҚТЫ ШАРТТЫ БҰЗУДЫҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫ
ЖӘНЕ ОНЫ ДАУЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шарттық қатынастар азаматтық айналымның негізін құрайды. Кәсіпкерлік субъектілер арасындағы құқықтық қатынастардың тұрақтылығы мен болжамдылығы көбіне жасалған шарттардың тиісінше орындалуына байланысты. Сондықтан шарттың міндеттілігі азаматтық құқықтың негізгі қағидаттарының бірі.

Сонымен қатар, тәжірибеде шарт талаптарының бұзылуына байланысты тараптардың бірі шартты біржақты бұзу құқығын пайдаланатын жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай даулар әсіресе мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарда қаралатын мемлекеттік сатып алу, мердігерлік, жеткізу және қызмет көрсету шарттары бойынша кеңінен таралған.

ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес шарттың өзгертілуі немесе бұзылуы, жалпы қағида бойынша, тараптардың өзара келісімімен жүзеге асырылады.

Ал біржақты бас тарту немесе біржақты бұзу заңда немесе шарттың өзінде тікелей көзделген жағдайларда ғана мүмкін болады.

Демек, шартты біржақты бұзу – бұл тараптың қалауы бойынша жүзеге асырылатын әрекет емес. Ол нақты құқықтық негіздерге және белгіленген рәсімнің сақталуына тәуелді.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, құқықтық негіздің болуының өзі жеткіліксіз. Біржақты бұзудың заңдылығы рәсімдік талаптардың толық сақталуына да байланысты.

Экономикалық соттардың тәжірибесін талдау барысында келесі даулы мәселелер жиі кездеседі.

Біріншіден, шартты бұзу туралы хабарлама заңда немесе шартта көзделген

тәртіппен жіберілмейді немесе оның жеткізілгені дәлелденбейді.

Екіншіден, тарап шарттың елеулі түрде бұзылғанын нақты дәлелдей алмайды. Кейбір жағдайларда міндеттеменің шамалы кешіктірілуі немесе болмашы кемшіліктер шартты біржақты бұзу үшін жеткілікті негіз ретінде көрсетіледі. Алайда мұндай тәсіл азаматтық заңнаманың талаптарына сәйкес келмейді.

Үшіншіден, шартта көзделген ескерту мерзімдері немесе кемшіліктерді жою мүмкіндігін беру жөніндегі талаптар сақталмайды.

Төртіншіден, біржақты бұзуда адалдық қағидатына қайшы келетін жағдайлар кездеседі. Мысалы, тапсырыс беруші жұмыстың негізгі бөлігін қабылдап, кейін формальды негіздерді алға тартып шартты бұзады немесе жеткізушіні жосықсыз қатысушы деп тану мақсатында ғана біржақты бас тарту рәсімін қолданады.


Осындай жағдайларда сот тек шарт талаптарына ғана емес, тараптардың нақты мінез-құлқына, құқықтарды адал жүзеге асыру қағидатына және әділдік өлшемдеріне де құқықтық баға береді.

Бүгінде экономикалық соттарда қаралатын даулардың елеулі бөлігін мемлекеттік сатып алу шарттарынан туындайтын даулар құрайды.

Бұл санаттағы істерде тапсырыс берушілер көбіне жеткізушінің міндеттемені тиісінше орындамағанына сілтеме жасап, шартты біржақты бұзу туралы шешім қабылдайды.

Алайда сот тәжірибесі көрсеткендей, жеткізушінің әрбір бұзушылығы шартты бұзу үшін автоматты түрде жеткілікті негіз болып табылмайды.

Мындай істерді қарау барысында сот шарт талаптарының нақты қалай орындалғанын, орындалмаған міндеттеменің көлемін, бұзушылықтың шарт мақсатына ықпалын, тараптардың өзара хат алмасуын, орындалған жұмыс-



тардың немесе жеткізілген тауарлардың нақты көлемін, тараптардың адал әрекет еткен-етпегенін жан-жақты зерттейді.

Мұндай тәсіл азаматтық айналым тұрақтылығын сақтауға және формальды себептермен шарттарды тоқтатуға жол бермеуге мүмкіндік береді.

Азаматтық процестік заңнамаға сәйкес әрбір тарап өзі сілтеме жасаған мән-жайларды дәлелдеуге міндетті.

Сондықтан шартты біржақты бұзған тарап:

- бұзудың заңды негіздерін;
- рәсімнің сақталғанын;
- қарсы тараптың шартты елеулі түрде бұзғанын;
- өз әрекеттерінің заң талаптарына сәйкестігін дәлелдеуі тиіс.

Ал қарсы тарап бұл дәлелдерді жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсынуға құқылы.

Осы тұрғыдан алғанда соттың міндеті тараптардың орнына дәлел жинау емес, ұсынылған дәлелдемелерге объективті құқықтық баға беру болып табылады.

Экономикалық дауларды қарау кезінде сот практикасының біркелкілігі ерекше маңызға ие. Заң нормаларын бірыңғай қолдану кәсіпкерлердің құқықтық сенімін арттырады, азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз етеді және инвестициялық ахуалдың жақсаруына ықпал етеді.

Осыған байланысты Жоғарғы Соттың құқықтық ұстанымдарын және



Гүлзат КУШЕКБАЕВА,
Маңғыстау облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

нормативтік қаулыларын тәжірибеде бірізді қолданудың маңызы зор.

Қорытындылай келе, шартты біржақты бұзу – бұл ерекше құқықтық институт.

Оны қолдану кезінде тек материалдық құқық нормалары ғана емес, рәсімдік талаптар да толық сақталуы тиіс.

Экономикалық соттардың міндеті – тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету, азаматтық айналымның тұрақтылығын сақтау және шарт еркіндігі қағидатын құқықтарды теріс пайдалануға жол бермей жүзеге асыру.

Тараптардың адал әрекет етуі, заң талаптарын сақтау және дәлелдеу стандарттарын дұрыс қолдану ғана мұндай даулардың әділ шешілуіне мүмкіндік береді.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Айболат МАЙМАКОВ,

М.Есболатов атындағы Алматы академиясының Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы
бастығының орынбасары:

«КОНСТИТУЦИЯ - ТӘРТІП ПЕН ӘДІЛЕТ ШЫҢЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алғашқы кезде халықтың шамамен он пайызы өзгерістің мәнін жан-жақты түсінуге талпынса, тағы бір бөлігі естіген ақпаратын толық меңгеруге тырысады. Алайда, қоғамның басым бөлігінде «елге үлкен өзгеріс келіп жатыр екен» деген жауапкершілікпен оны терең түсінуге деген ынта әрдайым бола бермейді. Мұның да өзіндік себептері бар.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, отбасылық және тұрмыстық мәселелер, сондай-ақ жұмыстың қарбалас ырғағы адамдардың жаңа өзгерістермен үстірт қана танысуына алып келеді. Сондықтан мұндай маңызды мәселелерді ғылыми тұрғыдан, қарапайым тілмен жан-жақты түсіндіру қажет. «Не өзгерді?», «Бұл өзгерістер қандай мақсатты көздейді?», «Қандай нәтижеге жеткізеді?» деген сұрақтарға нақты жауап берілгенде ғана қоғам өзгерістердің мәнін терең түсінеді. Өзгерістердің мақсаты, жүзеге асырылу барысы және қол жеткізілген нәтижелері халыққа көрнекі әрі түсінікті түрде жеткізілсе, азаматтардың оған деген қызығушылығы артып, мемлекеттің дамуына белсенді қатысуға ұмтылады.

– Конституцияны түсіндіру жұмыстары қалай жүру керек, оған кім жауапты?

– Конституцияның бірінші бабында: «Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең қымбат құндылығы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Сондықтан ең алдымен демократияның халық билігі екенін түсіндіру қажет. Яғни, азаматтардың мемлекет ісіне қатысуға, өз пікірін білдіруге, ұсыныс айтуға және заң аясында қоғамдық мәселелерді көтеруге құқығы

Конституцияны қоғам санасына сіңіру ең алдымен білім беру жүйесінен басталуы тиіс. Мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында Конституцияны құр жаттатумен шектелмей, оның баптарын күнделікті өмірдегі нақты жағдайлармен байланыстыра оқыту маңызды. Бұл тәсіл жастардың заңды құрметтеу мәдениетін қалыптастырады.

бар екенін мысалдар арқылы жеткізу керек. Демократиялық мемлекетте әрбір азамат мемлекетке өз ұсынысын айтып, қоғамның дамуына ықпал ете алады. Заң талаптарына және қоғамдық тәртіпке қайшы келмейтін пікірін еркін білдіруге мүмкіндігі болады. Бұл – сөз бостандығының және азаматтық құқықтардың нақты көрінісі. Осындай ұғымдарды халыққа қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізу құқықтық сананың қалыптасуына негіз болады.

Зайырлы мемлекеттің басты ерекшелігі – діннің мемлекеттен бөлінуі және барлық азаматтардың ар-ождан мен діни сенім бостандығына кепілдік берілуі. Мемлекет ешбір дінге артықшылық бермейді әрі ешқандай діни ұйым мемлекеттік саясатты айқындамайды. Қазақстанда әр азаматтың өз діни көзқарасын еркін таңдауға немесе ешқандай дінді ұстанбауға заң жүзінде құқығы бар. Яғни, дін бостандығы бар мемлекет екенімізді білдіреді. Елімізге келген шетел азаматтары да осы діни еркіндікті сезінеді. Барлық азаматтар мен шетелдіктер заң алдында тең құқыққа ие.

Құқықтық мемлекет дегеніміз – заңның үстемдігі қамтамасыз

етілетін, азаматтардың құқықтары қорғалатын және мемлекеттік органдардың қызметі заң аясында жүзеге асырылатын мемлекет. Мұны құқық қорғау органдарының қызметі, заңдардың қоғамдағы тәртіпті қалыптастырудағы рөлі және адамның құқықтық мәдениетінің маңызы арқылы нақты мысалдармен түсіндіруге болады. Ал әлеуметтік мемлекет – азаматтың өмірінің барлық кезеңінде әлеуметтік қолдау көрсетуді мақсат ететін мемлекет. Бұл қолдау адамның дүниеге келуінен бастап, білім алуына, денсаулығын қорғауына, еңбек етуіне, әлеуметтік қамсыздандырылуына және өмірінің соңына дейін жалғасатын мемлекеттік кепілдіктерді қамтиды.

Конституцияның алғашқы бабындағы «демократиялық», «зайырлы», «құқықтық» және «әлеуметтік» деген төрт ұғымның мазмұнын қарапайым тілмен ашып көрсету – азаматтардың құқықтық санасын қалыптастырудың маңызды тетігі. Бұл халықтың Ата Заңға деген қызығушылығын арттырып, оның мазмұнын тереңірек танып-білуіне ықпал етеді.

– Конституцияны бүгінгі қоғамның өресіне сіңіруді жеңілдетудің қандай жолдары бар?

– Конституция – мемлекеттің құқықтық негізін айқындайтын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін ең жоғарғы заң. Алайда Конституцияның қоғамдағы орны оның қабылдануымен ғана емес, әрбір азаматтың оны түсінуі, құрметтеуі және күнделікті өмірде басшылыққа алуымен айқындалады. Сондықтан бүгінгі таңда Конституцияны халықтың құқықтық санасына терең сіңіру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және оны ұлттық құндылықтармен сабақтастыра насихаттау мемлекет-



нылуы қажет. Яғни, адамдар қызықты фильмді күткендей, құқықтық бағдарламаларды да асыға күтетін деңгейге жеткізу маңызды.

– Сіз бір сөзіңізде конституциялық көшбасшылық институтын қалыптастыру туралы да айтқан едіңіз?

– Конституцияны терең меңгерген азаматтарды қоғам алдында дәріптеу құқықтық мәдениетті көтерудің маңызды тетігі бола алады. Осыған байланысты Конституцияны толық меңгеріп, құқықтық білім бойынша үздік нәтиже көрсеткен азаматтарды ұлттық деңгейдегі қоғамдық көшбасшылық мектебіне іріктеу ұсынылады. Мұндай жетістіктер болашақта Құрылтай жұмысына қатысатын, қоғамдық пікір қалыптастыратын және елдік мәселелерге араласатын тұлғаларды анықтаудың алғашқы сатысы ретінде қарастырылуы мүмкін. Конституцияны мемлекеттік тілде толық түсініп, еркін меңгеру – мұндай азаматтарға қойылатын негізгі талаптардың бірі болғаны жөн. Сондай-ақ қазіргі ақпараттық қоғамда Конституцияны цифрлық форматта насихаттау ерекше маңызға ие. Осы мақсатта – Конституцияның әрбір бабын қарапайым тілмен түсіндіретін мобильді қосымша, құқықтық сауаттылыққа арналған онлайн-платформа, интерактивті тесттер, құқықтық ойындар, жасанды интеллект негізіндегі құқықтық кеңесші әзірлеу тиімді болмақ. Бұл цифрлық құралдар Конституцияны халыққа оңай әрі қолжетімді түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

– Конституциялық қоғам қалыптастыруда халықтың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейту де маңызды емес пе?

– Дұрыс айтасыз. Сондықтан қоғамдық тыңдаулардың, қоғамдық кеңестердің және жергілікті өзін-өзі басқару институттарының қызығушылығын тудыратын, сапалы әрі тартымды форматта ұсы-

нуы қажет. Яғни, адамдар қызықты фильмді күткендей, құқықтық бағдарламаларды да асыға күтетін деңгейге жеткізу маңызды.

Конституцияны мемлекеттік тілде толық түсініп, еркін меңгеру – мұндай азаматтарға қойылатын негізгі талаптардың бірі болғаны жөн. Сондай-ақ қазіргі ақпараттық қоғамда Конституцияны цифрлық форматта насихаттау ерекше маңызға ие. Осы мақсатта – Конституцияның әрбір бабын қарапайым тілмен түсіндіретін мобильді қосымша, құқықтық сауаттылыққа арналған онлайн-платформа, интерактивті тесттер, құқықтық ойындар, жасанды интеллект негізіндегі құқықтық кеңесші әзірлеу тиімді болмақ. Бұл цифрлық құралдар Конституцияны халыққа оңай әрі қолжетімді түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

шешімдер қабылдау процесіне белсенді араласуына жағдай жасайды. Конституцияның қоғамдағы беделі ең алдымен мемлекеттік қызметкерлердің заңды сақтау деңгейімен өлшенеді. Егер мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар Конституция талаптарын мүлтіксіз орындап, халыққа адал әрі кіршіксіз қызмет етсе, азаматтардың мемлекетке деген сенімі күшейеді. Ал заңның үстемдігі орныққан қоғамда құқықтық тәртіп пен қоғамдық тұрақтылық та нығая түседі.

– Отбасы тәрбиесі және құқықтық құндылықтар туралы не айтасыз?

– Құқықтық мәдениет ең алдымен отбасында қалыптасады. Сондықтан ата-аналар балаларға кішкентайынан әділдікке, жауапкершілікке, заңға құрметпен қарауға және өз құқықтары мен міндеттерін білуге тәрбиелеуі қажет. Отбасында қалыптасқан құқықтық сана кейін мектепте, жоғары оқу орнында және қоғамдық ортада жалғасын тауып, толыққанды конституциялық мәдениеттің негізіне айналады. Сондықтан Конституцияны қоғамның санасына терең сіңіру – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, білім беру ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралда-

рының, ғылыми қауымдастықтың, қоғамдық ұйымдардың және әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Конституция халық үшін тек заңдар жинағы болып қалмай, ұлттық бірліктің, әділеттіліктің, құқықтық мемлекеттің және қоғамдық келісімнің басты құндылығы болуы тиіс. Бұл мақсатқа құқықтық ағартуды күшейту, ұлттық құндылықтарды насихаттау, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану, қоғамдық қатысуды кеңейту және заңның үстемдігін қамтамасыз ету арқылы қол жеткізуге болады. Осындай кешенді жұмыстар нәтижесінде Қазақстанда құқықтық мәдениеті жоғары, Конституцияны құрметтейтін және заң үстемдігін басты қағида санайтын қоғам қалыптасады.

– Әлемдік тәжірибеге келсек көптеген елдерде Конституцияда діни сенімге ерекше мән беріледі. Бізде бұл мәселеде меніңше әсіре сақтық бар сияқты көрінеді?

– Иә, адам баласының санасын әділдік пен туралыққа бастайтын рухани білімнен қорқудың уақыты өтті. Германия Конституциясы «Құдай мен адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, қызмет етуге деген құштарлықтан шабыттанып...» деп басталады. Аргентина Конституциясы да «Құдайдың қорғауын тілей отырып» деп басталады. Жалпы зайырлы елдердің көпшілігі құдайшылығын ұмытпаған. Ал біз құдайшылығын ұмытып барып қай-

та тіктеліп келе жатқанда әділдікке, ақиқатқа, шындыққа бастар жолда кісі ақысына құдайдан қорқып, ұялып, иманмен басталған тірлікте береке болатынын танып білетін уақыт жетті ғой деймін. Абай атамыз «Мемлекеттік қызметке жүрекпен кірісіп әділ білімді және халықтың қамын жейтін болуы, билікті жеке бастың мүддесіне емес, әділеттілік пен халықтың бірлігіне жұмсауды талап етіп, құқық бұзушылықты иман арқылы жоюға болатынын айтқан». Оның барлығы рухани тәрбиеден басталады. Иmandылықты күшейту арқылы қылмысты, құқық бұзушылықты жойып, жақсылыққа қадам басайық. Жазадан емес Жаратқаннан қорқуға, куәліктен емес Құдайдан қорқуға үйретейік. Барлық адам әділдік пен әділетсіздікті, адал напақа мен арамды ажырата біліп қызмет етсе, талай тағдырлардың қателесуіндегі жауапкершілікке сол кездегі қоғамның жол бастаушылары, қол бастаушылары Тәңірдің алдында жауапты екенін сезінсе үлгі алған ұрпақ әлемге тұтқа болған ата-бабаларымыздың жолын тауып алар еді.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АҚТАМБЕРДІ – 350

«ЗАМАНЫМ МЕНІҢ ТАР БОЛДЫ...»

Қазақ әдебиеті мен тарихында есімі ерекше аталатын аса көрнекті тұлғаның бірі – Ақтамберді Сарыұлы. Оның аты көбіне көне жыраулық мектептің белді өкілі, қолбасы, дипломат ретінде көп аталады.

1675 жылы қазіргі Түркістан облысындағы Қаратауда өмірге келген Ақтамберді Сарыұлы ел қорғауға өте ерте араласып, қарапайым сарбаздан қолбасы деңгейіне дейін көтерілген. «Он екімде аттанып, қылыш ілдім білекке» дегендей оның өмірі қазақ халқының тарихындағы ең бір аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келеді. Ақтамберді басқасын былай қойғанда 1738–1752 жылдардағы қазақ-қалмақ шайқасының барлығына дерлік қатысып, майданның алғышебінен табылған қолбасы. Құттыбай, Ақтайлақ билердің немересі Отан қорғау жолында білегінің күшімен ғана әйгілі боп қоймай, қалың елді соңынан ерте алатын көсемдігі мен шешендігі және жорық жыршысы қиын қыстау кезеңде жанынан суырып салып жырлайтын жыраулық қасиетімен өзгерлерден ерекшеленген.

Оның «Күмбір-күмбір кісінетіп», «Уа, карт Бөгенбай», «Жауға шапты ту байлап», «Менімен ханым ойнаспа», «Заманым менің тар болды» секілді толғау-жырлары әлі күнге дейін көркемдік және шығармашылық деңгейімен әдебиет сүйер қауымды таңғалдырумен келе жатыр. Қазақ халқының азаттық, құлдық жөніндегі түсініктерін айқындап, тыныс-тіршілігі мен болашаққа деген сенімін паш ететін Ақтамберді шығармалары «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген дала заңының айқын көрсеткіші ретінде де ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын аса құнды мәдени қазына.

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР - ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Жақында мен өлеуметтік желілерден өзіміздің мемлекеттік рәміздер жайлы қызықты деректер оқыдым. Оқыдым да көңілімді ерекше мақтаныш сезімі бөледі. Халықаралық байрақты бәсекелерді айтпағанның өзінде біздің Әнұран мектепішілік шараларда әуелегенде бәріміздің көңіліміз өсіп, мерейіміз асқақтап қалады. Рәміздер – Отаны, өлі, туған жері бар елде ғана болады. Бұл тұрғыдан қазақ халқы бақытты.

Кең байтақ жері бар, тәуелсіздігі берік, халқы ынтымақшыл, жастары патриот. Мен интернеттен оқыған деректе кез келген Қазақстан азаматының құжатында міндетті түрде Елтаңба бейнеледі екен және Қазақстан туы үнемі оң жаққа қарай желбіреуге тиіс екен. Маған бұл деректер өте қызық болды.

1768 жылы Абай облысындағы Жүрекжота деген жерде көз жұмған батырдың туғанына 350 жыл толуына орай биыл мерейтойлық танымдық, мәдени, ғылыми, тарихи түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Шара 25 шілде күні Аягөз ауданындағы Құндызды ауылындағы Ақтамберді кесенесіне зиярат етуден басталды. Одан кейін Аягөз қаласында «Жауға найза – елге мұра Ақтамберді жыры» атты ғылыми-танымдық конференция мен «Ерлікті-елдікті жырлаған – Ақтамберді» деген республикалық мүшәйраға ұласты. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Тыныштықбек Әбдіәкімұлы бастаған қазылар алқасының шешімімен 119 шығарманың арасынан қарағандылық Жанат Жаңқашұлы бас жүлдені иеленді. 1-3 орынды астаналық Ұларбек Нұрғалым, семейлік Айтмұханбет Бейсембеков, астаналық Жұлдызай Ысқақ бөлісті. Сондай-ақ А.Сарыұлына арналған бірнеше жаңа кітаптың таныстырылымы жасалып, орталық алаңда мергендер садақ атудан, палуандар қазақ күресінен күш сынады.

Келесі күні қалалық атшабарда 15 мың халық жиналған ұланасыр тойдың негізгі кезеңі өтті. Онда өнер шеберлерінің дайындаған театрландырылған қойылымдары көрсетіліп, ән әуелеп,



күй күмбірлеп, жырдан шашу шашылды. Садақ ату мен қазақ күресінің актық сайыстары өтіп, той аударыспақ пен бәйге ойындарына ұласты. Шетелдік қонақтар көшпелі халықтың атадан балаға мұра болып келе жатқан дала мәдениетінің жарқын көрінісінен алған әсерімен бөлісті. Енді Аягөз қаласына келген қонақтар сәулетімен ғана емес айбыны мен рухты бейнесімен көрген жанға ой салатын Ақтамбердінің еңселі ескерткішін көруге асығатын болды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТОПЖАРҒАН

Тәуелсіздік рухын оятқан тұлға

Биыл қазақтан шыққан тұңғыш құқықтану магистрі Жақып Ақбайұлы Ақбаевтың туғанына 150 жыл толады. 1876 жылы 25 қазанда Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Төңіректес деген жерде өмірге келген ол 1934 жылы 4 шілдеде 57 жасында Алматыда көз жұмған.

Алашорда үкіметінің прокуроры болған көрнекті тұлғаның есімін ұлықтау шарасы мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылмағанымен, жер-жерде оның 150 жылдығына орай түрлі іс-шаралар белсенділердің ұйтқы болуымен өз жалғасын табуда. Сондай шаралардың бірі мамыр айында Қарағанды қаласында ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік рухын оятқан тұлға» атты оқырман конференциясына 50-ге жуық мектеп оқушысы қатысты. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің профессор ассистенті Марат Ыбрайханның айтуынша, мұндай шаралар Жақып Ақбаевтың және өзге де заң саласы мамандарының ел үшін атқарған еңбегін кеңінен насихаттауда аса маңызды рөл атқарады.

Жақып Ақбайұлы 1886 жылы Қарқаралыдағы қазақ интернатына, ал 1889 жылы Омбы гимназиясына түседі. Омбыда 7 жыл, одан кейін Томск гимназиясында 1 жыл оқып, 1898 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі. Оны 1903 жылы 1-дәрежелі дипломмен бітіріп, заң магистрі ғылыми дәрежесіне ие болады. Елге

келген соң Омбы қаласындағы сот палатасында палата хатшысы болып қызмет атқарады. Дала өлкесінің генерал-губернаторы Сухотиннің басшылығымен өткен мәжілісте қазақтарды Дума сайлауына қатыстырмау туралы мәселе қозғалғанда, осы шешімге қарсылық ретінде Қарқаралы уезінің өкілетті 42 қазақ қол қойған 22-шілдеде патшаға жіберілген жеделхатты құрастырған. Тамызда Омбы қаласындағы 2-участкенің бітімші судьясы болған Ж.Ақбайұлы 17 қазанда өткен митингінде сөйлеген сөзі үшін «Үкіметке тіл тигізді» деген сылтаумен қызметінен қуылады. Ал 15-16 қарашада Қарқаралыдағы жиында сөйлеген сөзі үшін жергілікті әкімшілік оны 1906 жылдың 11 қаңтарында тұтқындап, Семей түрмесіне жібереді. Ал 1908 жылы әуелі Омбы, кейін Жетісу облысының Қапал қаласында, 1910 жылғы ақпаннан 1912 жылғы ақпанға дейін Троицк қаласында айдауда болады. Патшалық Ресейдің отарлық саясатын батыл әшкерелеп, қоныс аударушыларға қазақтардың ешқашан өз еркімен жер бермейтінін ашық мәлімдеп, тәуел-



сіздік мәселесін қозғаған ол адвокаттық қызметпен де айналысқан. 1915-1916 жылдары патша үкіметіне қарсы келгені үшін тағы да түрмеге жабылады да, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін босатылады.

Үнемі қуғын-сүргін көріп, түрмеге қамалып, жер аударылған ол 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезін өткізуге белсене атсалысып, облыстық комитеттің мүшеліне сайланады. Ал шілдеде болған Жалпықазақ съезінде депутаттыққа ұсынылып, желтоқсандағы съезде Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланады. Қазақтың алғашқы заң магистрі кәсіби заңгер ретінде Алаш автономия-

ясының құқықтық негіздерін қалап, оның жергілікті басқару органдарын белгілегенін әлі күнге дейін көпшілік біле бермейді. Оның кеңесімен және қатысуымен ежелгі қазақ жерлерінің басым бөлігі Алашорда автономиясына енгізілгенін де тек тарихшылар ғана біледі. Тұрақты әскер құру идеясын алғаш боп ұсынған білікті құқық маманын 1919 жылы қаңтарда Колчак агенттері қолға түсіріп, тұтқынға алып, ату жазасына кесілгенімен, бұл үкім орындалмай қалған. Кеңес өкіметі орнап, Семей азат етілгеннен кейін Жақып Ақбаев 1920 жылғы қыркүйектен бастап Семей губревкомының әділет бөліміне қызметке келді.

БІРЕГЕЙ

2026 жылы қазақ әдебиеті мен руханияты үшін аса маңызды белес. Биыл көрнекті ақын, мемлекет қайраткері, ғалым, тілші, қоғам тұлғасы Олжас Сүлейменов 90 жасқа толды. Бұл мерейтой – бір ғана шығармашылық иесінің өмірбаянын атап өту емес, қазақ мәдениетінің жарты ғасырдан астам уақыттағы дамуының, ұлттық ойдың, сөздің, рухтың қалыптасу тарихына үңілу.

ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН
90 ЖЫЛ

Олжас Сүлейменов ХХ ғасырдың ең күрделі кезеңінде дүниеге келді. Оның тұлға ретінде қалыптасуына соғыстан кейінгі қоғам, рухани ізденіс пен ұлттық өзіндік сананың оянуы ерекше әсер етті. Жастайынан әдебиетке жақын болып, орыс және әлем поэзиясын терең меңгерген ол жасөспірім шағынан өлеңмен ғана емес, ғылыммен де айналысты. Университетте геология мамандығын меңгеруі оның дүниетанымына кеңдік, табиғат пен адам арасындағы байланысты ерекше көру қабілетін берді.

1961 жылы жарық көрген «Арғымақ» атты алғашқы жинағы қазақ поэзиясында жаңа тыныс ашты. Кеңес цензурасы күшті кезеңде ұлттық болмыс, тарихи тамыр, еркіндік идеялары оның өлеңдерінен айқын көрінді. Жырлары еркін ырғақ, батыл ой, әлемдік мәдениетпен синтездегі кең тынысымен ерекшеленді.

Сүлейменовтің шығармашылығы — тек қазақ әдебиетінің ғана емес, түркі дүниесінің әдеби кеңістігін айшықтайтын құбылыс. Ол өз поэзиясында адамзаттық мәселелерді, бейбітшілік идеясын, экология, тіл тарихы, өркениет сабақтастығы секілді тақырыптарды көтерді.

1975 жылы жарық көрген «Азия» кітабы оның ғылыми тұлғасын айқындай түсті. Бұл еңбек тіл тарихы мен түркі өркениетінің орнын жаңаша түсіндіруге жасалған батыл қадам еді. Еңбектің жарық көруі қоғамда, әсіресе ғылыми ортада үлкен пікірталас тудырды. Сол арқылы ол қазақтың ғана емес, әлемдегі түркі халықтарының мәдени мұрасын қорғауда жаңа ғылыми тұғыр қалыптастырды.

1989 жылы ядролық сынақтарға қарсы «Невада–Семей» қозғалысын бастап, әлемдік деңгейде экологиялық және адам құқықтарына қатысты ең маңызды бастамалардың бірін көтерді. Бұл қозғалыс

Семей полигонының жабылуына жол ашып, жүз мыңдаған адамның тағдырына оң ықпал етті.

Сүлейменовтің дипломатиялық қызметі мен мемлекеттік істерге араласуы да оның ел алдындағы азаматтық борышын терең түсінетінін көрсетті. Ол әрқашан ұлттық қауіпсіздік, тіл мәселесі, мәдениет, қазақ мемлекеттілігінің тарихы сынды салаларда белсенді пікір айтып, өз ұстанымын қорғап келген.

Олжас Сүлейменов – тек ақын емес, кең өрісті ғалым. Ежелгі жазулар, шумер-түркі байланыстары, этногенез, өркениеттер тоғысы туралы зерттеулері әлемге танылды. Ол адамзат тарихын тек тар шеңберде емес, мәдениеттер диалогы, сабақтастығы тұрғысынан қарастыруды ұсынды.

90 жыл ішінде Сүлейменов есімі қазақ әдебиеті, мәдениеті, ғылымы мен қоғамдық санасының бір бөлігіне айналды. Оның шығармалары бірнеше буынның рухани қалыптасуына әсер етті. Жырларынан еркін ойдың, ұлттық рухтың, әлемді кеңінен қабылдайтын тұлғаның үні сезіледі.

Бүгінгі жас жазушылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері оның еңбектерінен батылдық пен жауапкершілікті, ой еркіндігін, рухани тереңдікті үйренеді. Ол – қазақ сөзінің әлемдік аренада жаңғыруына үлес қосқан қайсар тұлға.

90 жылдық мерейтой – өткен өмірді ғана емес, оның қазақ руханиятындағы шексіз ықпалын бағалау. Олжас Сүлейменов – өз ғасырының ғана емес, келер ғасырлардың да ойшылы. Оның поэзиясы, ғылыми мұрасы және азаматтық ұстанымы қазақ елінің мәдени мұрасында мәңгі сақталатын құндылық.

Өмірхан ЖҮБАТҚАНОВ,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы

Әсем САТҚЫНОВА

МӘСЕЛЕ

Әлемдік қауымдастық 30 шілдеде Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күнін атап өтті. Қазақстан 1926 жылы қабылданған «Құлдық туралы» конвенцияны 2008 жылы ратификациялады. Ал 2024 жылдың 5 шілдесінде «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданды.

АДАМ САУДАСЫ - ЕҢ АУЫР ҚЫЛМЫС

Биыл 24-30 шілде аралығында Ішкі істер министрлігінің бастамасымен «Адам саудасы – ауыр қылмыс» атты ақпараттық науқан өткізілді. Өйткені адам саудасымен байланысты қылмыстардың 4 түрі бар. Олар: адамдарды еңбекке және жыныстық қанау; асырап алу мақсатында жаңа туған баланы сату; адам ағзалары саудасы; қайыр сұрату. Мәселен, бала сату деректері бірнеше жыл бұрын Жамбыл облысында да тіркелген болатын. Жамбыл облысы Полиция департаменті Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы бастығының орынбасары Бахыт Байдуановтың айтуынша, өткен жылдары Тараз қаласында аурухананың екі акушерімен жаңадан туылған нәрестені сату дерегі анықталып, ҚК-нің 135-бабының 2-бөлігі бойынша сот үкімімен екеуіне де сегіз жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесілді.

«Жыл басынан бері облыс аумағында республикалық «STOP-трафик» жедел-профилактикалық іс-шарасының бір кезеңі өтті. Онда «Порнографиялық материалдарды заңсыз тарату, «Заңсыз көші-конды ұйымдастыру; «Жеңгетайлық» бойынша екі-екіден 6 құқық бұзушылық тіркелді. Өңірдің сауықтыру кешендерінде (сауналар, моншалар) жыныстық қанауға ұшыраған адамдарды анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізіліп, түрлі санаттар бойынша барлығы 16 адам жаңадан есепке алынды.

Оның, 14-і «Жезөкше» санаты бойынша, сондай-ақ «жеңгетай» және «дәстүрлі емес бағыттағы тұлға» санаттары бойынша. Одан өзге, бекітілген кестеге сәйкес Полиция департаменті, облыстық прокуратура, еңбек инспекциясы және «Жаңданду» қоғамдық бірлестігі өкілдерінен құрылған

мобильдік топ мүшелерімен еңбекті қанау деректерін анықтау мақсатында облыстың шаруа қожалықтары мен фермерлік алқаптарына шығумен рейдтік іс-шаралар өткізілді. Есептік мерзімде облыстың Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Сарысу, Талас, Меркі, Т.Рысқұлов, Қордай, Шу, Мойынқұм аудандарындағы 30 шаруа қожалығы тексерілді. Сонымен қатар, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және акционерлік қоғам басшыларының қатысуымен 22 жұмыс кездесуі өткізілді», – дейді Бахыт Бекболатұлы.

Оның айтуынша, адам ағзаларын сату, жаңа туылған балалардың саудасы, сондай-ақ интимдік қызмет көрсету деректерін анықтау мақсатында әлеуметтік желілер, мессенджер және түрлі сайттарға мониторинг жүргізу барысында 3 474 сайт бұғатталды. Меморандум келісімі аясында мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, халыққа жеткізу мақсатында «Адам саудасына қарсы күрес» тақырыбында ауқымды акциялар өткізіліп, 1600 данадан астам ақпараттық парақшалар таратылды. Одан өзге, осы тақырыпқа байланысты 5 жұмыс кездесу, 1 семинар және 1 дөңгелек үстел өткізілді. Қаланың адамдар көп жүретін қоғамдық орындарында 116-16 сенім телефоны жазылған «Адам саудасына қарсымыз» тақырыпты LED экрандар орналастырылды. Сондай-ақ балаларға арналған шұғыл психологиялық көмек көрсету және кеңес беру бойынша Бірыңғай «111» «Call-орталығы» сенім телефондары өткен жылдан бері іске қосылды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Тұтынушылар электрондық сауда саласына көп шағымдана бастады

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Сондықтан бұл салада басты назар – азаматтардың өтініштерінде.

Сауда және интеграция министрлігінің аумақтық органы болып табылатын Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменттері өз қызыреті шегінде ішкі сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау салаларында реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады.

Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Жанат Асантаевтың сөзіне қарағанда, алты айда департаментке тұтынушылардан 950 өтініш түсті. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 63,8 пайызға жоғары. Өтініштер санының өсуі, бір жағынан, экономиканың жекелеген салаларында тұтынушылар құқықтарының бұзылуы көбейгенін, екінші жағынан, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің және тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қолданыстағы тетігінің тиімділігінің артқанын көрсетеді.

«Е-өтініш» платформасы арқылы 779 өтініш түсті. Олардың 148-і өз қызыреті шегінде қарау үшін басқа мемлекеттік органдарға жолданды. 240 өтінішке түсініктемелер берілсе, 458 өтініш қанағаттандырылды. Қабылданған шаралар нәтижесінде тұтынушыларға қайтарылған ақшалай қаражаттың жалпы сомасы 11,8 млн тг құрады. Telegram ботқа 11 сұраныс түсіп, олар бойынша тұтынушылардың сұрақтарына түсініктемелер берілді. Азаматтарды жеке қабылдау барысында 70 тұтынушының мәселесі тыңдалды, жедел желі телефонна 88 тұтынушыдан қоңырау түсті, әрбір сұраққа біздің тарапымыздан

заңға сәйкес кеңестер берілді», – дейді Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің жартыжылдық жұмысын қорытындылаған Ж.Асантаев.

Ж. Асылханұлының айтуынша, биылғы салалар бойынша сұраныстардың сипатына келетін болсақ, ең көп шағым электрондық сауда саласына қатысты түскен. Нақты айтқанда 290 өтініш. Бұл жалпы өтініштердің 30,5 пайызын құрап отыр. Биыл электронды сауда саласындағы өтініштердің саны 2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2,4 есе өсті. Тұтынушылар шағымның өзге салалар бойынша құрылымына көз жүгіртер болсақ биыл бірқатар өзгерістер байқалды. Мәселен, бөлшек сауда қызметінде – 175 (2025 жылы – 204), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 41 (2025жылы – 44) пен көліктік қызмет көрсету салаларында – 4 (2025 жылы – 6) азайған. Ал білім беру – 167 (2025 жылы – 41); тұрмыстық қызмет көрсету – 87 (2025 жылы – 48); байланыс – 33 (2025жылы – 20); қоғамдық тамақтандыру – 28 (27 – 2025ж); медициналық қызмет көрсету – 26 (2025 жылы – 6); қаржылық қызмет көрсету – 18 (2025 жылы – 9); туристік қызмет көрсету – 13 (2025 жылы – 6) мен басқа салаларда – 46 (2025 жылы – 46) өскен.

«Департамент өңірдегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша заңсыз бағаны көтеру фактілерімен күресу жұмыстарын атқаруда. Есепті кезеңде сауда қызметі саласы бойынша 106 өтініш келіп түсті. Бұл 2025 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 56 өтінішке төмен. Облыстағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасының өсімін дер кезінде анықтау мақсатында дүкендерге, маркеттерге, сонымен қатар әлеуметтік желілерге аптасына екі рет мониторингтар жүргізіліп отырады. Егерде, мониторинг

барысында, бағаның ресми статистика бағасынан асып отырғаны байқалса, аталған кәсіпкерлерге «Сауда саласын реттеу туралы» заңнамасының талаптары түсіндіріліп, оны жөнге келтіру жұмыстары оперативті түрде атқарылды. Аталған жұмыстар департаменттің және Сауда және интеграция министрлігінің ресми сайттарына жарияланып отырады», – деген Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы өңірлік комиссия жұмысын да баяндап берді.

Аймақта облыс әкімінің орынбасары Әбілхайыр Тамабектің төрағалығымен «Баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесі мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау бойынша» өңірлік комиссия құрылған болатын. Облыстағы мүдделі органдардың бірлесіп 24 өңірлік комиссия жүргізіліп, 59 факті анықталған. Сондай-ақ департамент тұтынушылардың өтініштері негізінде кәсіпкерлік субъектілеріне 112 тексеру жүргізген. Оның 96-сы сауда саласында болды. Олар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесінің шекті мөлшерден асырылуына байланысты жасалды. Ал тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы – 16 тексеруге тұтынушының талап-арызына жауап бермеу, тауарды айырбастаудан немесе қайтарудан бас тарту, тұтынушыларға арналған ақпараттың болмауы негіз болған. Тексеру нәтижелері бойынша жалпы сомасы 7 млн теңгені құрайтын айыппұл түрінде 98 әкімшілік жаза салынды. Оның 12-сі тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласы бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне айыппұл салынды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 443,3 мың теңгені құрады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

5. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Қосшы қаласының №1 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК (БСН 220840037796) өзінің Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «№2 көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК (БСН 950340000720) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Республика көшесі, 23-құрылыс.

10. Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 14 шілдедегі ұйғарымымен «Риго-лит» ЖШС-не (БСН 020440001977), мекенжайы: Алматы облысы, Кеген ауданы, Ұзынбұлақ ауылдық округі, Ұзынбұлақ ауылы, Абай көшесі, 12-үй қатысты оналту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Кредиторлардың талаптарын қабылдау мерзімі 2026 жылғы 16 шілдеден 2026 жылғы 16 тамызға дейін. Кредиторлардың талаптары уақытша әкімші Нұржанова Айгүл Жеңісқызының атына мына мекенжай бойынша жолдануы тиіс: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж.Тәшенов көшесі, 8-үй, тұрғын емес үй-жай 1. Тел. +7 771 050 85 85, e-mail: 87017827934@mail.ru.

16. «FinTechPro» ЖШС (БСН 180740022154) жарғылық капиталдың 1 000 (бір мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 212/3-үй, индексі А05А5С0.

17. «PROcredit» ЖШС (БСН 220940037204) жарғылық капиталдың 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жібек Жолы даңғылы, 64/47-үй, индексі 050002.

МҰРАГЕРЛІК

2. 09.01.2023 ж. қайтыс болған Бекжигитова Гульнара Серикбаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус F.A.Шардарбековке келулерініз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтопқын 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Криволюва Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

(Соңы. Басы өткен № 54, 55 санында)

Ұштығынан ұстатпаған әр алуан бай-ламның сілемін қуалай инспектор Бесағашқа дейінгі жолдың қалай өткенін аңғармады. Көз алдынан дала сырғып жатты, ал ойы құпиясын жасырған түннің төңірегінен ұзай алмады. Соңғы күндері өзі де байқамай, бар тіршілігін осы іске байлап қойғанын аңғарды. Үй-ішіне телефон шалуды ұмытады, ағайынның амандығын сұрауға мұршасы жоқ. Санасын тұтас билеген – «жиырма үш жыл бұрын ақ көйлек киген екі қызға не болды?» деген жалғыз сауал.

Кабинетіне кірген бетте мұрағаттан алдырған ескі хаттамаларды қайта ақтара бастады. Марқұм күзетші Сақбайдың жауабы тағы да алдынан шықты. «Түнгі он бір жарым шамасында қызметтік кіреберіс алдында ақ көйлек киген екі қызды көрдім. Олар біреумен сөйлесіп тұрды...»

Осы бір айғақ жиырма үш жыл бойы тергеудің өзегіне айналып келді. Бірақ Абылай оған бұл жолы басқаша қарады.

Сақбай 2011 жылы дүние салған. Хаттамада оның көзі нашар көретіні, төрт жарым диоптриялық көзілдірік тағатыны тайға таңба басқандай жазылған. Сол кезде тергеушілер «қаранғыда отыз метр жерден ол шынымен Гүлзат пен Сандуды таныды ма? Әлде ай сәулесінде ағарандаған басқа біреулерді солар деп жаңылды ма?» деген пайыммен дүдәмалдық келтіріпті.

Бұл күмәннің салмағы бұрынғыдан ауырлай түсті. Өйткені тағы бір куәгер – Жанна Сартбаева – дәл сол түні сағат он екіге он бес минут қалғанда клубтың ту сыртындағы орман жақтан машина моторының үнін естігенін айтқан. Екі оқиғаның арасында небәрі он бес минут.

Ал қыздар болса, сыныптастарының сөзінше, он бірден аса бөре залдан шығып кеткен. Гүлзаттың «Жүр, бізді күтіп отыр» деген сөзі де есте қалыпты.

Кім күтіп тұрды?

Абылайдың ойына еріксіз Думан Халиметов оралды.

Сандуғаштың күнделігі де осы болжамды нақтылайтындай. Тергеу басталған алғашқы күндері-ақ ата-анасы тапсырған жұқа дәптерде 22 маусымда қазылған қысқа ғана жолдар бар екен: «ДХ тағы да репетициядан кейін түісті. Гүлзат жоспар құрды. Егер бәрі дұрыс болса, біздің оқуға түсеуімізге кепіл болады...»

Абылай дәптерді баяу жапты.

«ДХ» дегені – Думан Халиметов екені анық. Ендеше Гүлзаттың жоспары қандай? Ол директоры жұртқа маскараламақ болды ма? Әлде заң алдында жауапқа тартпақ па?»

Осы ойлардың бәрі бір нәрсеге апарып тіреді: диктофон.

Егер қыздар Думанның өз аузынан айтылған сөзді жазып алса, бұл оның мансабын да, беделін де бір күнде құртар еді. Демек, сол үшін олар кабинетке әдейі кірген.

Ал сыртта... біреу күтіп тұрған.

Өлгі мезетте Абылайдың санасында пышыраған деректер бір-бірімен алғаш рет табиғи түрде қабыса бастады.

Аға лейтенант істі мүлде басқа қырынан қаузап көруге бел буды. Ертеңінде архивтен жиырма үш жыл бұрын клубтың қызметтік кіреберісі тұсынан алынған көлік ізінің гнистік құймасын әкелдірді. 2002 жылғы тергеушілер оған онша үңілмеген. Себебі ол кезде ауданда дәл сондай УАЗ мыңдап саналатын. Бір ізді солардың арасынан ажырату мүмкін емес сияқты көрінген. Бірақ уақыт та, амал да өзгерген.

Құйма криминалистің үстеліне қойылды. Ширек ғасырға жуық елеусіз жатқан із микроскоп астында қайта тіл қатқандай еді. Дөңгелек өрнегінің әрбір ирегі, резецкенің желінген тұстары, майда жарықшақтары адамның саусақ таңбасындай қайталанбас бірегей екен.

Көп ұзамай орман шаруашылығының ескі мұрағатынан тағы бір дерек табылды. Өлгі УАЗ әлдеқашан есептен шығарылғанымен, техникалық құжаттары сақталып қалыпты. Онда 2002 жылдың шілдесінде оң жақ артқы дөңгалақтың шұғыл ауыстырылғаны жазылған. Себебі – бүйірінің қатты жыртылуы. Құймадағы дәл сол кемістік пен мұрағаттағы жазба бір-біріне айна-қатесіз сәйкес келді.

Абылай томаға-тұйық қалпы толғанды. Демек, клуб түбінде қалған із кездейсоқ көлікке емес, орманшы Шайдар Ақасевтің қызметтік УАЗ-ына тиесілі болатын.

Алайда бұл әлі де кінәні дәлелдей алмайтын.

Нағыз тосын жаңалықты фотоаппарат ашты.

Canon A620 камерасы екі мың екінші жылдан бері айғақ зат ретінде сақтаулы жатқан. Бұрынғы сарапшылар мүмкіндігінше тексергенімен, бүгінгі технология мүлде басқа деңгейге көтерілген еді.

Камера бетіндегі саусақ іздерінің көбі

ісесіне тиесілі болып шықты. Ара-арасында уақыт өшіре алмаған бөгде таңбалар да сақталыпты. Мәліметтер қорымен салыстырғанда олардың бірі Шайдар Ақасевке сәйкес келді.

Мұнда да еш оғаштық жоқ сияқты еді. Фотоаппаратты кезінде орманнан тауып, полицияға тапсырған – сол. Бірақ криминалистерді таңғалдырған нәрсе іздің өзі емес, оның түскен орны болды. Саусақ таңбасы аппараттың артқы қақпағында, пленка салынатын бөлікті ашатын тетіктің дәл жанында қалған.

Абылай ескі қорытындыны қайта оқыды. «Фотоаппарат құлаған кезде қақпағы өздігінен ашылып кеткен. Соның салдарынан пленка күйіп, суреттер жарамсыз болған...»

Бұл тұжырым бұған дейін ешкімнің күмәнін туғызбаған. Бірақ сарапшылар дәл сондай камераға қайта тәжірибе жасап көрді. Canon A620 құлағаннан өздігінен ашылмайды екен. Қақпағы арнайы тетікпен ғана ашылады.

Абылай орнынан баяу тұрды.

Яғни, біреу пленканы әдейі алған. Қасақана жарыққа шығарып, күйдірген. Өйткені әлгі пленкада әлдекімнің көргісі келмейтін суреттері болған.

Кабинет іші тыныштыққа көмілді, аға лейтенант өз демін ғана естіді. Тергеу процесі жана арнаға бұрылып бара жатты.

Әзімханұлы енді бұрын назардан тыс қалған адамдармен сөйлесу керектігін ұқты. Ақасевқа қоңырау соғып, қолайлы уақытта келіп кетуін сұрады.

Шайдар ертеңінде төбе көрсетті. Құр қол келмей қалың бір бунақты ала келді. Онда 2002 жылы болған іздеу операциясы жөніндегі өзінің жазбалары екен. Жергілікті жердің картасы, іздеу шарасы жүргізілген участоктардың белгілері, еріктілер тізімі, кезекшілік кестесі... Бәрі мұқият қатталған.

– Осы қағаздарды жоғалған қыздардың табылуына септігін тигізер деген үмітпен сақтап келемін, – деді ол. – Мүмкін мұндағы мәлімет тергеу ісіне көздеге жарап қалар.

Жігіт ағасы байсалды әрі жинақы, көмекке әзір екенін танытты. Инспектор оқиғаның куәгері ретінде ұзақ әңгімелесті. Шайдар бәрін жіпке тізіп айтып берді. Оның сөзі бойынша 30 маусым күні түнгі орман күзетінен 7 жарымда үйге оралған. Анасы таңғы ас берген. Ал сағат 8 жарымға қарай қыздардың жоғалғанын көршісі хабарлаған. Жігіт бірден әкімшілік орталыққа барып, іздеу шарасына қатысқан.

Абылай клубтың іргетасына жасалған жөндеу жұмысы туралы сұрады.

– Иә, – деп ол басын изеді. – Директор Думан Халиметов іргетастағы қақ айырылған бетонды жаңарту жөнінде өтініш білдірді. Жарылған тұс өте күрделі еді. Біз ініміз екеуіміз цемент езіп, бетонды құйдық. Жұмыс екі сағаттай уақыт алды. Содан кейін мен іздеушілерге кеттім.

Бәрі ақылға қонымды естілді. Бірақ Абылай бір детальға көңіл аударды. Егер Шайдар ертеңгілік сағат 7 жарымда жұмыстан келсе, отбасына қараған түні орман күзетінде болған.

Ізінше тергеуші орман шаруашылығының мұрахатыңн қарады. Шынтауытында орманшыларда түнгі бақылау бар екен. Әсіресе, өрт қауіпі артқанда күзет те күшейімек, бірақ дәл сол түнгі жазба жоқ. Шайдардың анасы он жыл бұрын өмірден озған, ал бауыры 2017-ші жылы автоапаттан көз жұмған – оның қыздар жоғалған түні қайда болғанын растайтын тек өзінің сөзінен өзге ешкім қалмады.

Тергеуші кабинеттен шыққан соң өз-өзінен «осындай байсалды адамның қылмысқа баруы мүмкін бе?» деп ойлап қойды. Іс бойынша назардағы кісі болған соң оның психологиялық бейініне үңілді. «22 жасқа, орманшы, ата-анасымен тұрады, үйленбеген. Ауылдастары оны сабырлы да сенімді жігіт» деген ойда. Бірақ бұл жеткіліксіз. Сондықтан мектептегі мінездемесін көтерді. Ол орташа оқыған екен, көп сөйлемейтін бұйығы, достары болмаған. Мүғалімдер «өз әлемінде өмір сүреді» деп баға берген. Көп уақытын орманда жалғыз өткізеді, мектептен кейін орман шаруашылығына жұмысқа барды. Мамандығы мінезіне әбден сай. Орман, оңашалық, адамдармен тілдесу аз...

Болған жайға қаныға түсу үшін аға лейтенант Кеңарықтағы орта жастан асқан, егде кісілермен де бірнеше мәрте әңгімелесті. Шайдардың атын естігенде бір шал «Шырағым, қыздарды іздеуде бәрінен көп жүгірген сол еді» деді. Тағы бірі «үш күн ұйықтамады» деді, келесісі «Қыздардың шешесін жұбатқан да сол болды» деп ризашылықпен еске алды. Ал Гүлзатпен үнемі достық қатынаста болғанын жыр ғып айтты. Жігіт қызды көлігімен алып жүретін, кейде машинада екеуі ұзақ сөйлесетін. Бұл шүйіркелесу Гүлзатқа қарағанда Шайдарға көбірек әсер етті» деді.

ШЫТЫРМАН

АҚ КӨЙЛЕК

ӘНГІМЕ



Осы уәжден соң «ол бойжеткенге ғашық болып, оны армандауы, болашақ жоспар құруы мүмкін-ау» деген байлам қылаңытты. Іске жұмылдырылған психологтар жасаған ықтимал модель бір ғана жайтқа меңзеді: «Шайдар қыздардың өзіне сенім артуын басқаша қабылдаған болуы мүмкін. Ал үміті күйреген сәтте ішкі дүниесі бақылаудан шыққан...»

Бұл тек болжам ғана. Одан әрі қарайғы долбар қисыны сан тарауға пышырады. Бірақ нәтижесі мәлім...

Түспалға негізделген осы көріністің бәрін дәлелдеу оңай емес екенін А. Қайсен ұқты. Тікелей ілік, куәгерлер жоқ, мүрде табылмады, тек жанама дәлелдер, сәйкессіздіктер, қисынды қорытындылар ғана бар. Іске нүкте қою үшін, мәйітті табу немесе күнәардың мойындауы қажет. Енді тергеуші күмәндіге психологиялық ықпал етуді ұйғарды.

Шайдарды ресми түрде жауап алуға шақырды. Алдына бүкіл дәйектерді жайып салды. Фотоаппараттағы қолдың белгілері, оның машинасының ізі, Есімнің түсініктері, алибидегі сәйкессіздіктерді көлденең тартты. Шайдар бұлж етпей бей-жай тындады.

– Сіз бәрін қайыра мұқият түсіндіре аласыз, – деді тергеуші.

– Иә, мүмкін... – Шайдар басын изеді.

Камерадағы қол іздері... Ол аппаратты тауып, тергеуге берген.

Клуб маңындағы машина, бұл шынтуайтында сонда болды. Мерекеге құрал-саймандарды алып келді.

Елемесовтің куәлігі ме? Ол мас болды, мас адам кез келген кісіні көруі мүмкін. Алиби? Анам айғақ болған, бірақ өмірден озып кетті.

Тергеушінің барлық сауалдарына Шайдар түсінік берді. Әуелден осы әңгімеге әзірленгендей сабырлы әрі салқынқанды көрінді. Өрбір детальға ойлы да айғақты жауап қайырды.

Өйткенмен Абылай өзінің соңғы қозырын қамдаған. Тергеу болжамы бойынша мүрделердің жатуы ықтимал ескі карьер маңында геологиялық барлау жұмысын жүргізді. Геоардар, тепловизор, қызметтік иттерді қолданды. Бір аптадан кейін үш метр тереңдікке көмілген екі мүрдені тапты. Экспертиза бұл қаңқалардың қыздарға тиесілі екенін, шамамен жиырма үш жыл бұрын көмілгенін растады.

Мүрделердің табылғанын естігенде Шайдардың өңі алғашқы мәрте қуық тартты. Оның орнықтылығы өзегінен сетінеп, абдыраған қалпы су сұрады. Стақанды қолына алған күйі опыға жұтып, кеңістікке мелшиө карап отырып қалды. Сосын баяу ғана: «олар азап шекті ме екен?» деген сауал тастады.

Тергеуші оған:

– Оны экспертиза анықтайды, бірақ қазіргі мәселе ақиқатты өз аузыңнан есту.

Шайдар талақтай тырсынып, бір сағатқа жуық мелшиө отырды.

Екі шынтағын үстелге тіреп, маңдайын алақанымен көмді. Бөлмеде қабырға сағытының сыртылы ғана естіліп тұрды. Абылай диктофонды қосты. Бірақ ештеңе демеді. Ақыры Шайдар ауыр күрсінді.

– Мен шаршадым... – деді өте баяу. –

Жиырма үш жыл бойы осы күннен қашып едім...

Ол басын көтерген жоқ.

– Гүлзат мені өзі шақырды... «Думаннан сөксемдеңем, сыртта күтіп тұршы» деді. Мен

үшін сол сөздің өзі бақыт еді. Ол маған сенеді деп ойладым.

Езуіне ащы күлкі үйірілді.

– Ал ол маған жай ғана... көлігі бар таныс адам ретінде қараған екен...

Меніреу тыныштық орнады.

– Олар кабинеттен шыққанда Гүлзат қатты ашулы еді. Думанның не істемек болғанын айтып берді. Мен оларды үйге апарып салайын дедім. Бірақ... жолда карьерге бұрылдым.

– Here? – деп сұрады Абылай.

– Өзім де білмеймін... Әңгімелессек...

бәрі орнына келетіндей көрінді. Солай ойладым...

Шайдардың үні үзіліп кетті.

– Олар армандарын айтты. Алматы туралы... суретші, дәрігер боламыз деді...

Айыпкер көзін жұмды.

– Сосын Гүлзат «Қандай жақсы, осы ауылдан құтылатын күн алыс емес... Мына қонырқай тұрмыс, қарапайым тірлікпен күнелтіп жүрген айналамдағылар тұншықтырып барады» деді. Сол кезде алғаш рет өзімді оның көзімен көрдім. Мен... ауылдағы көптің бірі ғана екенмін. Жай ғана... ыңғайлы жүргізуші. Болды. ...Бәрі сол сәтте бітті.

Бөлмені тыныштық тұншықтырды.

– Мен оны сүйетінімді айттым. Үндемей тындады. Сосын... «Шайдар, сен жақсы адамсың... бізде ортақ өмір болмайды, кешір, бұл – ақиқат» деді. Осы бір сөйлем... құлағымнан кеткен емес.

Шайдардың саусақтары қалтырады.

– Мен оны тоқтатқым келді... Түсіндіргім келді... Құшақтадым... Ол мені итерді. Санду айқайлады. ...Содан кейін... бәрі қараңғыланып кетті.

Ұзақ мезет тым-тырыстық орнады.

– Ары қарайғыны айтып бере алмаймын. Айтқым да келмейді. Өйткені... сол сәттен соң мен адам болудан қалып, айуанға айналған ем...

Көзіне алғаш рет жас үйірілді.

– Есімді жиганда... екеуі де үнсіз жатты... Сол үнсіздік... менімен бірге жиырма үш жыл өмір сүрді.

Шайдар екі қолымен бетін басты.

– Мен түрмеден емес... үнсіздіктен қорқып өмір сүрдім...

Қатыгез оқиғаны нақтылай түсетін сауалдарды Абылай қоймады. Қазіргі кезде тергеу ісіне детальдар маңызды емес еді, көздегені – күдіктінің қылмысты мойнына алуы болатын.

– Бірінші жылы менің күнәмді айғақтайды деп күтіп жүрдім. Есік әрбір қағылғанда, полициямен әр кездескен сайын үрей билейтін. Бірақ уақыт жылжи берді, ештеме болмады. Ақырындап жазадан құтылғанымды сезіндім. Ауыл мені жоғалғандарды іздеуге барынша күшін салған жан деп қабылдады. Қыздардың ата-аналары алғыстарын жаудырды. Бірақ мұны көтеру өте ауыр, әйткенмен өз рөлімді ойнай бердім.

Шайдар ешқашан үйленбеді. Өйткені өз өміріне әлдекімді етене ғып жібере алмады. «Абайсыз қылмысымды ашып аламын ба?» деп қорықты. Жалғыз өмір сүрді, орманда жұмыс істеді, адамдармен тым жақын болып кетуден қашты. Жыл сайын 29 маусымда карьерге келіп, қабірлерге қарап тұрды.

– Қос қыршынның басында ұзақ үнсіз байландым. Не айтарымды өзім де білмейтінмін. Кейде кешірім сұрайтынмын... Иә, мен олардан кешірім сұрадым, – деді. – Өрине, дәл солай болғанын қаламадым. Мен оны жаныммен сүйдім. Бірақ ол мені

ешқашан сол көзбен көрмепті... Кейде қабірден жаным ауыра үндемей кететінмін...

Тергеуші:

– Қыздардың заттарын біржола жойып тастаудың орнына неге іргетаста сақтадың? – деді. Шайдар ойланып отырып қалды. Біраздан соң:

– Клубтан мәйіттерді алғанда асығып жүріп, бөлек тыққан бұйымдарды ұмытыппын. Енді әлгілерді көзге түспестей жасыру керек еді, соның орайы жөндеу жұмысымен сәйкес келді. – Тереңнен бір күрсінді де сөзін жалғады. – Осы құпияны арқалап өмір сүру, азаптың азабы болды. Күн сайын олардың бейнесін көріп, үндерін естідім. Кейде мен «ақылдан алжасармын» деп ойладым.

2025 жылы сәуірде клубты құлата бастағанда Шайдар заттарды табатынын білді. Бұған бір жағы үрейленсе, бір жағы әлденеден үміттенді. Ал бұйымдарды құрылысшылар тауып алғанда ол әлдебір жеңілдікті сезінді. «Ақырында, – деп ойлады, – ақырында азапты күн аяқталады».

– Диктофон қайда?

– Мен диктофонды көрген жоқпын...

Шайдар ақыры бәрін мойындап, тұтқындалды. Кеңарық ажжүрек деп жүрген адамдары кісі өлтіруші болып шыққанына қайран. Ауылдастардың көбі бұған илана алмады. «Ол сондай сабырлы, сондай сенімді жан еді» деп қайталады бастарын шайқай...

Құрбандардың отбасына мәйітті тапқандарын хабарлады. Гүлзаттың анасы көз жасына ие бола алмады. «Қызымның қайда екенін білмей, ғұмырым сарсаңмен өтті. «Өлсем ақиқатты біліп кетейін» деп, Аллаға жалбарына жәрдем сұрадым. Естіген екен. Бұл өте қасіретті жайт, бірақ қызымды өз жоралғысымен жер қойнына беріп, өлсем өле берейін.

Сандуғаштың әкесі Қалмұқан жаңалықты үнсіз қабылдады. Ол тек қыздардың жатқан жерін көрсетуді өтінді. Тергеушілер оны карьерге алып келді. Қария қарағайдың түбінде қазылған шұқырға қарап, сүт пісірім тұрды.

– Санду суретші болғысы келетін, – күрсіне сыбырлады. – Қылқалам шебері болар ма еді, күллі өмірі алда еді қарағымның...

Қыздардың сүйегіне эксгумация жасап, отбасына табыстады. Кеңарық жұрты мұсылмандық рәсіммен мүрдені жер қойнына берді. Ауыл түгел келді, Гүлзат пен Сандуды білетіндер қалмай жиылды. Мәйітті жерлеуге Есім де қатысты. Ол ініні салбыраған қалпы шеткерірек тұрды. Жерлеп болған соң Гүлзаттың анасына таянып:

– Мені кешіріңіз, – деді. – Егер мен сонда қорықпай ақиқатты айтқанда оларды ертерек табар ма еді...

Қария оны кемсендей құшақтады.

– Сен жазықты емессің. Айыпты тек бір ғана адам, ол енді бәріне жауап береді.

Шайдар Ақасевқа қатысты сот 2025 жылдың соңына қарай болды. Процесс көптің көңілін аударды. Мектеп бітіруші қос қыздың түлектер балында жоғалған тарихы және қатыгез қылмысты жиырма үш жыл бойы жасырған адам жайлы оқиға өңірді дүр сілкіндірді. Ақасев өзінің айыбын мойындады. Сотта сол түнгі жайтты толық баяндады әрі ақталуға тырыспады. Осы жылдар бойы алдап келгені үшін марқұмдардың ата-аналарынан, ауылдастарынан кешірім сұрады. Соңғы сөзінде: «Мен ең қатал жазаса лайықпын. Бірақ бәрәсені білгендеріңізді қалаймын. Мен монстр емеспін, ашу үстінде қателік жасаған кәдімгі адаммын. Осы қателік – үш адамның өмірін тас-талқан етті. Содан бері азапта өмір сүріп келемін, енді осы тозақты өмірімнің соңына дейін кешемін. Үкімді қабылдаймын» деді.

Сот Ақасевті 25 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды.

Кеңарық ауылында көне клубтың орны тегістеліп болды. Көп ұзамай мұнда сәулетті мәдениет үйі бой көтереді. Жаңа негіз қаланардың алдында ескі іргетас өзіне аманатталған ақиқатты айқара ашып берді. Өйткені, шындықтың да өз уақыты болады, бірақ, ұмытылатын күні болмайды.

Тынымсыз әділеттілік іздеген тергеуші осылай пайымдады.

Маңындағы зәулім қарағайлардың басын баяу жел шалады. Абылай Әзімханұлы карьердің шетінде жалғыз тұр. Дәл осы ағаштардың жиырма үш жыл бұрын да самалға еліте баяу тербелгенін ойлады. Сол түні олар бәрін көрген, тек ештеңе айта алмаған.

Тергеуші үнсіз ғана бас киімін шешті.

– Кеш қалдық... – деді ақырын.

Жел ғана жауап қатқандай кенеттен есіле жөңкілді.

Әділбек ЫБЫРАЙМҰЛЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:</